Әдебиет - ардың ісі

Ұш қоңыр

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-k.kz №30 (292) 29 шілде 2016 жыл

ҚАСІРЕТІ ҚАСИЕТТІ ҚАРҚАРАДА ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ ЖАСАЛДЫ

Биыл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл. Оның ішінде өзіндік орны бар оқиға – Қарқара өңірі қазақтарының бас көтеруі. Тәуелсіздігіміздің бастауы болған осынау халықтық баскөтерулер – ноқтаға басы сыймаған халқымыздың еркіндік аңсаған табиғатын паш еткендей. Иә, өр мінезді, еркін ойлы, азаттық сүйгіш бабаларымыз «қара қазан, сары баланың қамы үшін» құрбан болып, жүздеген жылдар сыртқы жаулармен жан аямай арпалысқа түсті. Ұрпағына қасық қанын төге жүріп бүгінгідей ашық аспан, бейбіт өмір сыйлаған батыр бабалар ерлігін үлгі тұтып, есімдерін ұлықтау – біздің қасиетті борышымыз.

Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылында «Тарихқа тағзым» мемориалды кешені ашылды. Тәуелсіздігіміз үшін осыдан бір ғасыр бұрын қанын төгіп, жанын берген ата-бабаларымыздың рухына тәуелсіз ұрпағы осылай тағзым етті.

Жер жәннаты – Жетісу өлкесінде жалпы саны 2338 ескерткіш бар. Оның 4-уі бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енсе, 8-і республикалық маңызы бар, қалғаны жергілікті маңызы бар ескерткіштер. Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында Қазақстан мен Түркия арасындағы жоғарғы мәдени байланыстардың, өзара ынтымақтастықтың жарқын үлгісі ретінде маусым айында Анкара қаласында Сүйінбай Аронұлының бюсті ресми түрде ашылды.

Иә, елдік, отансүйгіштік сезімдер ең алдымен туған жеріңді сүюден, туған топырағыңа тағзым етуден, құрметтеуден, өскелең ұрпағыңа рухани қолдау көрсетуден бастау алады. Елбасы Н.Ә.НАЗАРБАЕВ: «Әрбір отбасы, әрбір ауыл, әрбір еңбеккер елінің өскенін, өнгенін, оның әлеуметтік жағынан қорғалуына сезінуі керек», – деп бекер айтпаса керек.

Осы ретте «Туған жерге тағзым» акциясының шеңберінде жетісулық нағыз патриот жандардың демеушілігімен аймақта көптеген әлеуметтік нысандар салынып, пайдалануға берілді, тұрмысы төмен отбасыларға және мүмкіндігі шектеулі жандарға қайырымдылық көмектер көрсетілді.

Сол игі істердің жалғасы болған «Қарқара-Ереуіл» қоғамдық қорының (президенті Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлы) бастамасымен 63 млн. теңгеге салынған тарихи ескерткіш тәуелсіздікке талпынған бабаларымыздың рухына құрмет деп білеміз.

Ескерткішке доға тәріздес келтірілген керегеде тақырыптық бес барельеф орналастырылған. Онда қазақ халқының бұрынғы мамыражай заманы, патшаның бұйрығы бойынша әскерге, жұмысқа адам алуына қарсы наразылық, патша жендеттерінің салған ойраны, осы тарихтың жалғасы іспеттес 1986 жылғы оқиға және Тәуелсіздік аясындағы өмір бейнеленген. Гранит ескерткіш стелласының биіктігі – 17 метр, барельф тақтаның ұзындығы – 32 метр, биіктігі – 4,5 метр. Ескерткіш авторлары: сәулетші, Қазақстан Республикасының сәулетшілер одағының мүшесі, архитектура ғылымының кандидаты, «Сәулет – Астана» ЖШС-нің бас архитекторы Жамбыл Кекілов пен мүсінші, «Сымбат» академиясының оқытушысы Бекен Қасетов.

–Бабаларымыздың есімін ардақтап, лайықты құрмет көрсету мақсатында Нарынқол, Қарқара жол айырығына бұл нысанның бой көтеруі тегін емес. Ол ел тарихынан ерекше орын алған елеулі оқиғаның белгісі іспетті, – деді **Алматы облысы әкімінің орынбасары Бақтияр ӨНЕРБАЕВ** кешеннің ашылу салтанатында. – Авторлар ескерткіштегі тақырыптық барельефтерге қазақ тарихының бүгінгі тәуелсіз елге дейінгі сан саласын сыйғыза білген. Ескерткішті орнатуға демеушілік жасаған «Қарқара-Ереуіл» қоғамдық қорына және соған өз үлесін қосқан барша азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз. «Қолы ашықтың – жолы ашық», – дейді дана халқымыз.

Жалғасы 8-бетте

ЖАНЫМЫЗҒА ШЫРАЙ БЕРГЕН «ШАЛҚАР ТЕРМЕСІ-2016»

Шымкентте ОҚ облысы әкімдігінің қолдауымен текті сөздің төресі – терме орындаудан термешілердің аймақтық байқауы болып өтті. Өнер додасы ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналды. Өнер сайысына Алматы, Қызылорда, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан 20-ға жуық өнерпаз қатысып, бақ сынады.

Терме – текті өнер. Қара өлеңнің мәйегі – терме тыңдаушысын ізгілікке баулып, жамандықтан сақтандырады, жақсылыққа үндейді. Ұлы өмір көшінде көздеген мақсатыңа адаспай жетуіңе жәрдемдеседі. Тіршіліктің түрлі түйткілімен тасада қала жаздаған саф өнердің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына қарымды қаламгер Шалқар Әбішұлы талмай тер төгіп келеді.

2001-2006 жылдары термешілердің республикалық байқауларын өткізуге мұрындық болған абзал азамат арадағы біраз үзілістен соң ізгі ісін қайта қолға алды. Соңғы жылдары ауыр науқастан айыққан терме жанашыры еліміздегі Ұлттық бизнес орталығының шешімімен Гиппократ төсбелгісімен және Алғыс хатымен марапатталды.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, қаламгер Шалқар Әбішұлы 2001-2006 жылдары бұл байқауды республикалық деңгейде өткізіп, тасадағы таланттардың жарыққа шығуына мол үлес қосқан болатын. Арадағы үзілісті терменің шын жанашыры өзінің денсаулығының күрт нашарлап кетуімен байланыстырады. Елуден асқан шағында қалам ұстаған азаматтың ұстазы – жазушы Әмзе Қалмырзаұлы.

Қаламгердің бүгінде жас пен жасамысқа үлгі-өнеге боларлық «Ана туралы жыр», «Жақсы болу – өзіңнен», «Ойланып көрші өзің де!», «Мән бергін, жастар, сөзіме!», «Термелер» және т.б. тамаша термелер мен тағылымды туындылар атты кітаптарды жарыққа шығарып, ел арасында терменің мәні мен маңызын арттыруда талмай еңбек етіп келеді.

«Мен өз еңбектерімді жастарға арнаймын. Олар шығармаларымнан өзіне үлгі-өнеге алса, менің арманымның орындалғаны», - дейді Шалқар ақын ағынан жарыла.

Бүгінде жастардың сана-сезімін эстраданың жаулап алғаны шынайы шындық. Десек те, қанатымен су сепкен қарлығаштай көне өнеріміз – термелерді насихаттауда Шалқар Әбішұлы тындырымды еңбек етіп келеді. Кейінгі кезде қалың қауым термеге сусағаны байқалып жүр. Осы байқауда Майлықожа, Наурызбек, Құлтума және тағы басқа ақындардың шығармаларымен бірге, Шалқар Әбішұлының термелерін де өнерсүйер қауым сүйсіне тыңдады.

Танымал әнші, термеші, қазылар алқасының төрағасы Жақып Спратаевтың пікірінше, байқау көрермен ойынан шыққан сыңайлы. «Өнерпаздардың дайындық деңгейі жақсы. Олардың сөз, мақам тазалығы да көңілдегідей болды. Бас жүлдені иеленген Кеңес Әшірбаев термелерді ешкімге ұқсамайтын мақам, иіріммен орындады», – дейді ол.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде – 200 мың теңгені оңтүстікқазақстандық термеші Кеңес Әшірбаев қанжығасына байлады. Термемен терең ой айтқан қызылордалық өнерпаз Нұрболат Темірбаев 1-ші, ал 2-ші орынды жамбылдық Ербосын Қасымбеков иеленді. Жүлделі үшінші орынға отырарлық Руслан Ақынбеков пен шымкенттік Ақжол Өсербай ие болды. Өзге қатысушылар да әр түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Көрермен өмірлік өнегенің қайнар бұлағы – жаһұт жырлар мен тағылымды термелерден рухани ләззат алып тарқасты.

Уәлихан ҚОЖАҚ

МӘДЕНИ МҰРА – АСЫЛ ҚАЗЫНА 2-бет

ХАЛЫҚ МҰРАСЫН ҚАСТЕРЛЕЙТІН ОРЫН 6-бет

АҚ ЖАЙЫҚТА «ҚЫЗ ЖІБЕК ПЕН ТӨЛЕГЕН» АҚБОЗ АТ МІНДІ 6-бет

АЙТАМЫН ДЕП АЙТПАЙДЫ... 7-бет

БРИТАНДЫҚ САЯХАТШЫ ҰРПАҚТАРЫ ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕ

Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ британдық саяхатшы Томас Аткинсонның ұрпақтарымен кездесті. Делегация құрамында «Оңтүстікке Ұлы дала еліне. Томас пен Люси Аткинсондардың Шығыс Қазақстанға 1847-1852 жылдардағы саяхаты» атты кітаптың авторы, жазушы Ник Филдинг те бар, - деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімі Амандық Баталов қонақтарды ризашылықпен қарсы алып, Жетісу жеріне келген қадамдарына сәттілік тіледі. Өңір басшысы мұнан соң Жетісу өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндап, алдағы жоспарларына да тоқталды. Томас пен Люси Аткинсондардың саяхаты мен жазбаларының бүгінгі күн үшін тарихи және мәдени құндылық ретінде маңызы зор екенін де айтып өтті.

- Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы сіздердің бастамаларыңызға қолдау білдірді, аталарыңыздың жүрген жолымен тағы бір мәрте жүріп өтуді мақсат етіп Жетісу өлкесіне табан тірегендеріңізге қуаныштымыз. Енді еліміздің әсемдігіне, табиғатының тамашасына, халқының қонақжайлығына өздеріңіз де куә боласыздар, - деді А. Баталов.

Өз кезегінде делегация атынан сөз сөйлеген жазушы Ник Филдинг қазақ жерінің жайдары, қонақжай мінезіне ризашылығын білдірді. Томас пен Люсидің ұрпақтары осыдан 160 жыл бұрын аталарының табаны тиген топыраққа, саяхатшының ұлы Алатау Тамшыбұлақтың туған жеріне келгендеріне қуанышты екенін жеткізді.

Екі тарап та бір-біріне естелік сыйлықтар тапсырып, суретке түсті. Мұнан кейін делегация Талдықорғандағы Журналистер үйінде баспасөз мәслихатын өткізіп, тілшілерді қызықтырған сұрақтарға жауап берді.

Естеріңізге сала кетсек, британдық саяхатшы Томас пен Люси Аткинсондар 1846-1853 жылдары қазақ даласына келген. Олар Қазақстанға келген алғашқы саяхатшылар емес, бірақ Қазақстанның шығысына сапарлаған, сол сапарынан кітап жазған алғашқы саяхатшы. Қапал өңірінде дүниеге келген ұлдарына Алатау Тамшыбұлақ деп ат қойған. Қазір Томас пен Люси Аткинсонның, Алатау Тамшыбұлақтың ұрпақтары әлемнің әр қиырында, атап айтқанда, Флоридада, Гавайда, Жаңа Зеландияда, Ұлыбританияда тұрады. Олар Қапал өңірінде, сол аймақтағы Тамшыбұлақ бұлағына баруды жоспарлап отыр. Сонымен қатар Сарқан, Кербұлақ, Панфилов, Ұйғыр аудандарының табиғатының көркемдігін көріп қайтпақ.

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Алматы облыстық мәдениет және мұрағат мекемелерінің алғашқы жартыжылдық есебінің қорытындылары мен мәдениет саласының басқа да міндеттері туралы алқа мәжілісі өтті.

Алқа мәжілісінде облыстық мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмар баяндама жасап, жарты жылда атқарылған жұмыстар туралы хабарлады.

Баяндамашының айтуынша, материалдық-техникалық базаны нығайтуға 378,5 млн. теңге қарастырылған. Бірінші жарты жылдықтың өзінде мәдениет мекемелеріне 64 штат бірлігі берілген.

Т. Ғұмар мәдениет нысандарының қысқы жылыту маусымына дайындығы, түрлі байқаулар мен фестивальдарға қатысу нәтижелері, мерейтойлық шараларды ұйымдастыру, тағы басқа мәселелерге тоқталып, баяндама соңында алқа мәжілісінің шешімін жариялады.

Осы жиында облыстық халық шығармашылығы орталығы директорының орынбасары Айгүл Сәбитова, Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрының директоры Ғ. Темербаева және басқа да мекеме өкілдері сөз алып, өз құзырындағы мәселелерге қатысты есеп берді.

Жиынды қорытындылаған облыстық мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасының басшысы Ақан ӘБДУӘЛІ мәдениет мекемелеріне келушілер қатарын көбейтуге бағатталған жұмыстарды жандандыру, өнер ұжымдарының репертуарларын жаңарту, шығармашылық одақтармен жұмыс жасау, сала мамандарының кәсіби біліктілігін аттыру секілді бірқатар тапсырмалар берді.

Алматы облысында жекеменшікке өтіп кеткен мәдениет үйлері біртіндеп мемлекетке қайтарылады. Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ақан ӘБДУӘЛІ алдына осындай мақсат қойып отыр. Облыс мәдениетіне жауапты қызметке жаңадан тағайындалған Ақан ӘБДУӘЛІНІҢ бұл бастамасы өте орынды. Себебі Алматы облысының әрбір ауданында жекешеге өтіп кеткен мәдениет сарайлары жетерлік. 14 ауданда 64 мәдениет үйіне дәл қазір жеке кәсіпкерлер иелік етіп отыр. Әркім әртүрлі мақсатта пайдаланады. Біреулер мейрамханалар ашса, енді бірі қаңырап бос тұр. Сонымен қатар облыстағы мәдени нысандардың бірсыпырасы күрделі жөндеуді қажет етеді. Биыл бюджет қаражатына Жамбыл музейі секілді 4 ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Жалпы Алматы облысында мәдениет басқармасына қарасты 563 мекеме бар. Олардың жылдық бюджеті 5 млрд. теңге шамасында.

ҚАРАТАЛ АУДАНЫНДА МАДЕНИЕТ КҮНДЕРІ БАСТАЛДЫ

Қаратал ауданында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орайластырылған Мәдениет күндері басталды. Биыл «Өркендей бер, Мәңгілік Қазақстан» тақырыбында өтетін шараны әкімдік құрамындағы бөлімдер ұйымдастыруда. Игі шараның шымылдығын алғашқы болып аудандық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі түрді.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі халыққа мемлекеттік қызметтің 19 түрі бойынша қызмет көрсетеді. Бөлімде 2 бөлімше және жұмыспен қамту орталығы жұмыс атқарады. Құрамында 51 адам еңбек етуде. Мәденит күніне бөлімнің барша қызметкерлері жұмыла жүріп, бір ай дайындалған. Бүгін еңбектерінің нәтижесі аудан жұртшылығына көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, қуанышқа бөледі.

Концерттік бағдарлама аясында спорттық ойындар ұйымдастырылды. Шахмат, дойбы ойнаудан жарыстар өтті. Одан өзге, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен көмек алатын азаматтардың сурет, қолөнер туындылары көрмеге қойылды.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жетекшісінің айтуынша, жыл басынан бері өңір бойынша тұрақты жұмыс іздеу мақсатымен 900-ге жуық жұмыссыз келіп тіркелген. Оның 600-ден астамы еңбекпен қамтылған. Сонымен қатар, аудандағы мүгедектер үшін «Инва-такси» қызмет көрсетеді.

Қаратал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Серік Амандосовтың айтуынша, өңірде 1473 мүгедек адам тіркелген. Мүгедек балаларға 23 қызметкер үйде көмек көрсетеді.

Дәстүрге айналған Мәдениет күндері әкімдік бөлімдері арасында апта сайын жаздың соңына дейін өтеді. Ал күзден бастап игі шара одан әрі ауылдық округтерде жалғаспақ.

БАТЫР ӘЛИЯНЫҢ МЕРГЕНДІК ЖОЛЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Кеңқияқ мәдениет үйінде түрлі шаралар өтуде.

Ұлы Отан соғысының батыры, қазақтың мерген қызы Әлия Молдағұлованың 91 жылдығына арнап мәдениет үйімізде «Әлияның мергендік жолы» атты аула клубы балалары арасында спорттық сайыс өтті.

Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыздың ерліктерін паш етіп, мерген қыздың ерлігін мақтан тұтып дәріптеу арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке баулу, қайсарлыққа, батырлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуді мақсат тұтты аталмыш шара.

Сайысқа жас шамасы аралас құрамында 6 адамнан тұратын 3 команда қатысты. Қорытындысында «Ұйымшыл ұтады» номинациясы бойынша эстафеталық жарыста алдына жан салмаған «Мерген» тобы I-ші орынды жеңіп алды. «Білегіңе де, біліміңе де сен» атты мергендігін байқау: садақ, жебе ату кезеңі бойынша «Достар» тобы II- ші орынды місе тұтты. «Жарыс барда намыс бар, намыс бар жерде табыс бар» демекші, ұлттық ойындар: мүйіз атар, асық атудан «Бірлік» тобы мергендіктерімен көзге түсіп, III-ші орынға ие болды.

Өзі пысық, алғыр әрі мерген, әрбір іс-қимылымен көзге түскен ең кішкентай ойыншы Салмұхан Қадіржан ерекше ілтипатқа бөленіп, марапаталды. Сайысқа қатысушы барлық балаларға тәтті балмұздақтар тегін таратылды.

Ауылымызда, өкінішке қарай, балаларға арналған демалыс орындары жоқтың қасы. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін Кеңқияқ мәдениет үйі «Аула клубы» жұмысын қолға алған болатын. Алғашқы шараның жоғары діңгейде өтуіне Кеңқияқ мәдениет үйінің директоры А.Мұғалқызының үлесі зор. Алдағы уақытта да бұл жоба іске аса береді деген сенімдеміз.

М.СҰПЫҒАЛИЕВА,
Кеңқияқ мәдениет үйінің әдіскері

ТІЛ ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Ана тілі - анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған, жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына. Тілді қастерлеу – әрбір қазақстандықтың міндеті.

Тіл – қандай ұлтта, қандай елде болмасын, қастерлі және құдыретті. Ол әр азаматқа ана сүтімен бірге қалыптасады.

Әр елдің ұлттық мақтанышы, ол – тіл байлығы. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

Әр азамат ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс.

Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі - ең ұлы және тамаша тіл. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл.

Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлт болашағы - ол ана тілі. Тіл - халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңінен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі – тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деп атап өткен.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашан да білікті де саналы ұрпақпен кеңейеді. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты – сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу деген – ана тілде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмей, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбай, ешкім де мәдениетті адам бола алмайды.

«Ана тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі»,- деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білуге және мемлекеттік тілін меңгеруге міндетті.

Маржан ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА,
Алматы қаласы әділет департаменті азаматтық хал актілерін тіркеу мен апостильдеу, әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас маманы

ТЕРРОРИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Алматыдағы Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың оқу залында кітапхананың оқырмандарына арнап «Терроризмге жол жоқ!» атты дәріс өтті.

Бүгінгі қоғам өмірінің көкейтесті мәселесінің біріне айналған терроризм тақырыбын Зағиптар Қоғамы жанындағы Мәдениет Үйінің меңгерушісі Айжан Исмаилова жан-жақты түсіндіріп берді.

Қазіргі уақытта терроризм мен экстремизмнің таралу қаупі Қазақстан үшін мемлекет, қоғам мен азаматтардың қауіпсіздігіне төнетін шынайы қауіпке айналып отыр. Осыған байланысты халықаралық ланкестік пен экстремизмнің өзге де белгілеріне қарсы әрекет ету республикамыздың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басым бағыттардың біріне айналды.

Қасиетті Рамазан айы басталар күні Ақтөбе қаласында діннің атын жамылған бір топ террорист елдің тыныштығын бұзғаны белгілі. Бірақ, олардың арам ниеттері іске асқан жоқ. Құқық қорғау және қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлері үлкен қатердің бетін қайтарды. Террористердің көпшілігінің көздері жойылды, бірқатары қолға түсті. Қаза тапқан әскери қызметкерлер отан алдындағы антына адал болып, ел қауіпсіздігі жолында өшпес ерлік көрсетті.

Сондай-ақ, 18 шілде Алматыда бұрын сотталған ер адам Алмалы аудандық ІІБ мен ҰҚК департаментіне қарулы шабуыл жасады. Оқиға салдарынан бес адам, оның ішінде үш полиция қызметкері қаза тапты. Қалада террорлық қатердің қызыл деңгейі жарияланды. Қылмыскер ұсталды. Дегенмен, жазықсыз қаншама адамның қаны төгілді. Мұндай қайғылы оқиғаларды болдырмау үшін баршамызға айналамызға сергек, бала тәрбиесінде немқұрайлы болмауымыз қажет.

Пайдалы дәрістен кейін оқырмандарымыз кітапхананың Автоматтарндыру және техникалық қолдау бөлімінің қызметкерлері дайындаған терроризм жағдайындағы қауіпсіздік шаралары жайында бейнефильмді тамашалады.

МӘДЕНИ МҰРА – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Жуырда «Ақтөбе Арбатының» ашылу салтанатына ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев атындағы орталық мәдениет және демалыс саябағында С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы тарапынан «Мәдени мұра–асыл қазына» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапхана қызметкерлері А.С.Жұмағалиева мен Р.Б.Қарағұлова библиографиялық шолуын қала тұрғындарының назарына ұсынды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған жаңа әдебиеттер әр саланы қамтиды. Осыған орай, аталмыш шараға арналған кітап көрмесіне «Бабалар сөзі» 100 томдық шығармалар жинағы, Б.Еженханұлы құрастыруымен Алматы: «Дайк Пресс» баспасынан 2009 шыққан «Қазақ хандығы мен Цин патшалағының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары» атты еңбегі қойылды. Бұл томда 1754-1760 жылдар аралығында Қазақстан тарихына қатысты мәнжу, көне қытай тілдерінде жазылған қытай мұрағат құжаттарының аудармасы және сол құжаттарға берілген шығыстанулық түсіндірмелер қамтылған.

Сондай-ақ, томда аталған құжаттардың факсимилелік мәтіндері де берілген. Томға енген құжаттар осы жылдар аралығындағы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастың жан-жақты қырларынан сыр шертеді. Құжаттардың түпнұсқалары қазіргі тілдердің ішінде ең алдымен, қазақ тіліне тұғыш рет аударылған.

Сонымен қатар, Тәуелсіздік жылдары академик С.Зимановтың басшылығымен шыққан «Қазақтың Ата Заңдары» деп аталатын он томдық еңбегі де қала тұрғындарының назарына ұсынылды. Халқымыздың сан ғасырлық тарихы мен дала өркениетінің заңдарын зерттеген бұл томдықтарда белгілі тарихи тұлғалардың, ойшылдардың, жиһангерлердің, ғылым мен мәдениеттің бұрын-соңды көрнекті өкілдерінің еркіндік идеяларына негізделген қазақ әдет-ғұрып заңдары, олардың «ежелгі болмысы» туралы ойлары мен пікірлері. Атақты төрт би: Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, атақты «Жеті жарғы», «Есім ханның ескі жолы»,

«Қасым ханның қасқа жолы», т.б. заңдарының жинақтары енгізілген. Томдықтар қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілдерінде берілген.

Г.Ә.АЛАТАЕВА,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімінің меңгерушісі

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қазақ ұлтының отарлаушы орыс билігіне қарсы бас көтерген ең ірі көтерілістердің бірі әрі бірегейі – Қарқара көтерілісіне биыл 100 жыл. Көтеріліс қазақ халқының ұлттық егемендік, халықтық теңдік жолындағы сана-сезімінің өскендігін, ұлттық рухының беріктігін көрсетсе, кез-келген уақытта отарлаушы империяға қарсы тұра алатындығын дәлелдеді. Яғни, ақ патша да, онан кейін де билікке шыққан үстем тап үкіметтерде қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұмтылыстары және талап-арыздары мен санаспаса болмайтындығын аңғартты.

ҚАЗАҚ БАС БІРІКТІРСЕ, АЗАТ ЕЛ БОЛА АЛАТЫНЫН ДӘЛЕЛДЕГЕН КӨТЕРІЛІС

Осы бір зұлмат салдарынан 373 үй өртеніп, 1905 адам оққа ұшып, 684 адам жараланып, 1105 кісі тұтқындалып, кейіннен олардың дені із-түссіз жоғалғанын тарих дәлелдеді. Қарқарадағы сол бір қанды қырғынды еске алып, аза тұтуға арада бір ғасыр өткенде қол жеткізгендейміз.

Қарқара көтерілісі – қазақтың қандай батыр ұлт екенін көрсеткен, айғақтаған көтеріліс. Қарқара көтерілісі – қазақ бас біріктірсе, азат ел бола алатынын дәлелдеген көтеріліс. Қарқара көтерілісі – арада жүз жыл өтсе де, жарасы жазылмаған, бағасы толық берілмеген көтеріліс. Бұл зұлматқа тарихи баға беру үшін Мұхтар Әуезов «Қилы заманды» жазды. Сонан кейін де үлкенді-кішілі талай шығармалар, мақалалар жарық көрді. Бірақ, халықтың рухы қанағаттанып, тынышталған жоқ. Себебі, мұндай ірі бас көтеруді бүкіл ұлт болып, халық болып аза тұту қажет. Қарқара көтерілісінің қаһармандарын ұлттық батыр ретінде дәріптеуіміз керек. Себебі олар саналы түрде тақтан (бұл көтерілісті ұйымдастырушылар болыс пен билер) бас тартып, халықтың жағына шығу арқылы Алаш баласының байлыққа, билікке сатылмауы керектігін дәлелдеп берді.

Көтерілістің тууына не себеп болды? 1916 жылы 25 маусымдағы Ресей патшайымының соғыстағы армияның тылдағы қара жұмыстарына Қазақстан, Орта Азия және ішінара Сібірден 19-43 жас аралығындағы (кейіннен 43-тен 31-ге түсірілді) ер азаматтарды шақыру жөніндегі жарлығы Қарқара көтерілістің шығуына түртікі болды. Қазақстан мен Орта Азиядан 400 мың, соның ішінде Жетісудан 87 мың адам әскерге шақырылды. Патша жарлығы жарияланысымен Қазақстанның барлық аймақтарында бұған қарсылық білдіру басталды.

Бұл кезде Қарқара сол кездегі Жетісу облысының Жаркент уезіне қарайтын жайлау және әйгілі халықаралық жәрмеңке орталығы болатын. 16 болыстан тұратын албан руының атақонысы еді. Оның 13 болысы Жаркент уезіне, қалған үшеуі Верный уезіне қарайтын. 6 шілде күні 13 болыстықтың басшылары Ақбейіт тауында жиналып, патша жарлығын орындамауға баталасты. Келесі күні «Нарынқол-Шарын» приставының бастығы Подворков 13 болыс пен беделді адамдарды жинап алып, патша жарлығын дереу орындауды талап етті. Жиналғандар 4-5 күн ақылдасып, жауап бермек болып тарасады. Шілденің 10-күні жәрмеңкеден 10 км жердегі «Қабан Қарағай» деп аталатын жайлауда Құрман болысының беделді адамы Ұзақ Саурықовтың ауылында Құрман, Мерке, Шілік, Торайғыр, Сарытоғай, Қоңырбөрік, Қожбанбет, Бодеті, Иванов, Алжан, Айт болыстарының басшылары мен басқа да беделді адамдары майдан жұмысына адам бермейміз деп келіседі. Он күн өткеннен кейін Подворков қазақ-орыс жасағын алып келіп, «Ереуілтөбеде» болғандарды түгелге жуық тұтқындап, Қарақол (Пржевальск) қаласындағы түрмеге қамайды. Түрме басшылары ереуілшілердің ақылгөй ақсақалы Мәмбетұлын у беріп өлтіреді. Қалған тұтқындар Қарақол уезі басшысы полковник Ивановтың бұйрығымен 8 тамыз күні атылады. Атылғандар: арасында: Кәрібоз Қаңтарұлы, Суанқұл Арғынұлы, Қазыбек Шорманұлы, Үмеке Бестібайұлы, Біләл Разақұлы, Қағазбек Тоқтамысұлы, Жаңабай Құдайбергенұлы, Құрман Әділбекұлы, Бекайдар Сұлтанқұлұлы, Құдиярбек Шотаманұлы, Жанпейіс Отыншыұлы, т.б. болды. Көтерілісшілердің бір тобы Қайқы асуында жазалаушылар колынан қаза тапты. Бірақ жазалау әрекеттері көтерілісті бірден баса алмады. Тамыздың ортасына қарай Жаркент уезі толық көтерілді. Көтерілісшілер 11 тамызда Жалаңаш станциясын басып алып, қоныс аудару басқармасының қызметкерлері Долгушинді, Лдековті, т.б. бірнеше адамды өлтірді. 16 тамызда Монай Ұзақбайұлы басқарған албан жасақтары Қарқара жәрмеңкесін басып алды. 15 қыркүйекке дейін Нарынқол-IIIарын приставына қарайтын өңір көтерілісшілер қолында болды. Верный уезіне қарайтын Қызылбөрік болысының тұрғындары да атқа мініп, 3 тамыз күні Асы жайлауында уезд бастығының көмекшісі Хлыновский басқарған жазалаушыларды Верныйға қуып тастады. Көтеріліс уездің басқа болыстарында да (Ботабай,Шығыс және Батыс Қастек, Ырғайты, Тайторы, Жайылмыш, т.б.) толқуға үн қосты. 10-12 қыркүйекте Лепсі уезіне қарасты Мақаншы-Садыр, Мәмбет-Қысқаш, Балқаш-Лепсі болыстарының қазақтары да көтеріліске шықты. Саратов селосы маңында көтерілісшілер Маслов басқарған жазалаушы жасақпен соғысып, қырғынға ұшырады. Жазалаушылармен қарулы қақтығыстар Кіші, Орта, Үлкен Ақсу елді мекендеріндегі дүнгендер, Верный уезі Қорам болысындағы ұйғырлар арасында да болды. Қыркүйектің аяғы мен қазанның басында патша жазалаушылары көтерілісшілердің негізгі күштерін талқандады.

Олар көтерілісшілерге қоса бейбіт халықты да қырғынға ұшыратты. Жетісу облысының бес уезінде 84 854 түтін (отбасы) болса, көтерілістен кейін 53 мың ғана түтін қалып, 31 854 түтін жойылды немесе Қытайға ауып кетті. Мұрағат деректері бойынша Қарқара көтерілісі кезінде Жетісудағы қазақ пен қырғыздардың жүзге жуық елді мекені жазалаушылардың шабуылына ұшырап, 373 үй өртенген, 1905 адам оққа ұшқан, 684 адам жараланып, 1105 кісі тұтқындалып, кейіннен көбі із-түссіз жоғалған. Ал патша жазалаушыларынан небәрі 171 адам ғана шығын болған.

Әскерге адам алу жарлығы іштен тынған халықтың көтерілуіне себеп қана болды. Бұл тұста отарлаушылар қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алып, тізесін батырып, құлдықтың қамытын кигізе бастаған болатын. Мысалы, отарлаушылар Қарқара жайлауын, Шу аңғарының бір бөлігін қазақтардан тартып алу кажет деп саналды. Осы жылдарда жерінен айырылған қазақтар, орыс кулактарына жалданып күн көрді. Тек қана Байынкөл болысы бойынша Қақпақта, Айғыржолда, Сарыжазда, Нарынқолда көптеген қоныстанушылардың қыстақтары пайда болды. Нарынқол казак әскері тұратын орынға айналды. Қарқараның жазығын көпестер иеленді. Қарапайым қазақ халқы құмды, шөлейтті жерлерге, тау-тасқа қуылды. 1914 дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін, екі жыл ішінде соғысып жатқан әскерді қамтамасыз ету мақсатында Қарқара тұрғындарынан тарихи деректерде айтылғандай «сексен мың қой, үш мың ірі қара, екі мың таңдаулы аттар, жүз қырық төрт киіз үй, сексен мың байпақ, он алты мың ақша, бес жүз кесек киіз алынды».

Жергілікті халықта ешқандай саяси құқық пен билік болмады. Түркістан аймағында әскери округтің қолбасшысы генерал губернатор Куропаткин басқарды. Жетісу облысын әскери губернатор М.А.Фольбаум биледі. Жаркент уезін подполковник Ступин басқарды. Жаңаңаш, Қырғызсай және Нарынқол аймағын казактардың атаманы С.Достоволов елге әскери жағынан қысым жасады. Александр Протников деген приставты жергілікті қазақтар «Ақжелке» деп атап кеткен.

1914 жылы 9 қазандағы құпия нұсқауында Жетісу облысының әскери губернаторы Фольбаум уезд бастықтарына «сенімді христиандардан», яғни орыс деревнясының шаруалар топтарынан мұсылман еңбекшілеріне қарсы қарулы отрядтар құруды міндеттейді. Бұл отрядттардың басты міндеті бақылаушылық қызмет болатын, алайда олар кейбір ауылдарды тонап, жазықсыз адамдарды өлтіріп, мүлік пен малды еріксіз алып отырды. Бұл отрядтардың басты мақсаты бағындырылған халықтардың ұлттық санасының ояну көріністерін тұншықтыру еді.

Қатерлі кезеңдегі қайсарлық емей немене, тарихты зерттеуші Тұрлыбек Ілиясұлы мен Жұмәділ Қарабайұлының «Қарқара көтерілісі», «Қарқара айбаты» кітаптарын және қоғам қайраткері Сейдәлім Тәнекеевтің «1916 Қарқара – Албан көтерілісі» шығармашылық еңбегін ой елегімен сүзбелеп отырғанда, сол кездегі патша жарлығының қаһарының қатты болғанын, өрімдей бозбалаларды қойдай көгендеп, қиян-кескі ұрыстарға салу үшін солдатқа алмақ болу және қара жұмысқа салу екендігі халықтың қаны мен ашу-ызасын қазандай қайнатып-ақ жібереді. Сонда жұдырықтай жұмылған қара халық:

– Баласы мен туысынан безген адам жоқ. Көген көздерді жапан далада өлтіріп, қарға-құзғынға жем қыла алмаймыз. Соры қайнаса боздақтарынан айырылған, қолбасынан айырылған ата-аналардың соры қайнайды. Патшаның несі кетеді! Қырылса, біздің балаларымыз қырылады. Ақ патша әділеттен тайды. Оның ойраншыл жарлығын орындамаймыз. Сондықтан бала бермейміз! – деп жалтармас жауабын кесіп-пішіп, бір-ақ айтады.

Қарақұрым халық алдында осы бір ойға қонарлық шешімтал жауабын айтып отырған кім деген ойдың жетегінде қаларыңыз анық. Әрине, ол қарабайыр халықтың қатарындағы жай адам емес. Ол халықтың өзі сайлап алған он алты болыс билерінің бірі – Құдиярбек би Шотаманұлы. Сондағы ұлт-азаттық көтерілісі көшбасшыларының беткеұстар қаймақтарының бірі екендігі ол жайында жоғарыда атап кеткен кітаптарда ғана емес, мерзімдік басылымдардағы мақалалар барысында да әділдік пен ақиқатты ту етіп ұстап өткен би болғандығы жиі тілге тиек болып жатады. Қара қылды қақ жарып айтатын, халықтың қамын ойлайтын би болғандықтан оны төбесіндегі төрелер мен айналасындағы халықтың алдында абыройы мен мәртебесі дараланып тұрады. Оның дуалы ауыз шешендігі де, істің ығын білер көсемдігі де көптің көңілінен шығып жүрсе керек.

Құдиярбек биге берілген қысқа әрі нұсқа мына бір мінезді байыптама

да көп жайдан хабардар ете алады. «Құдиярбек би Шотаманұлы 61 жаста. 1855 жылы дәулетті шаңырақта дүниеге келген. Руы Досалы – Шоған. Иванов болысынан. Жұртқа әділетті би болған. Ұзын бойлы, таңқы мұрын, қалың қас, терең көз, қалың ерін, ұяң мінезді қара кісі». Оған берілген осынау сыртқы сипаттама оның табиғи жаратылысы қандай болғанын қаз-қалпында айнытпай айтып тұр емес пе?! Елдің беткеұстарына айналған жағалы бидің сол бір қиын-қыстау күндердегі өмірлік іс-қимылы да оны білгісі келген адамды бей-жай қалдыра алмайды. Ол үшін тарихи деректердегі мына бір көріністерге көңіл аударсақ, артық болмайды.

Құдиярбек би Шотаманұлы түлкі бөркін басынан алып, екі қолын арқасына ұстап, қырғыз өрме қамшысын беліне қыстырып, мәуіті шапанның алдыңғы етегін кері қатпарлап, жөткірініп алып жиын ортасына шықты. Ол – ақылға толған, тоқтамды сөзін баптап, салмақтап айтатын, халыққа жағымды ел билеуші. Үлкен төбеде біріне-бірі сығылысып отырған адамдарға үңіле қарап сөз сөйледі:

– 1854 жылы патшаға қарсы шығып, соғысып атысқанымыз жоқ. Әділ патша деп қарадық. Содан бері патшаға қарсылық қылып, атысып көрген емеспіз. Сондағы уәде бойынша, «қазақтан әскер алмаймыз, тек қана жиырма тиыннан түтінге рамат аламыз» деп келіскен. Соған тоқтам жасап, ант қағазға аталарымыз қол қойған. Енді міне, патша антын бұзып, уәдесінен тайып отыр. Зұлымдылығы басынан асқан ақ патшаның тақтан түсетін уақыты да алыс емес. Қазақтың қалың бұқарасы кең далада өскен. Оқығандары бірен-саран. Тізімге алынатын жігіттердің бәрі де күні бұрын әскерлік ісіне тартылып үйретілмеген. Бұл жағынан олар тіпті де түлей. Бұлар Германияның бастан-аяқ қаруланған әскеріне қарсы шығып, түгел қырылып, құрбан болса да патша мен ұлықтардың жаны ашымайды. Жігіттердің тізімін жүргізуді тоқтатамыз. Күнде ертеңге салып, приставтың басын қатырамыз. Жәмеңке мен Ұзақтан бөлектеніп шығарымыз жоқ. Бәріміз Жәкең мен батырдың айтқандарына қосыламыз және қуаттаймыз! – деп алқалы жиында айтқан осы сөзінің өзі-ақ Құдиярбек бидің ел ағаларына тән оңды көзқарас иесі болғандығын көрсетеді.

Патша тарапынан болған нұсқаумен қазақтарға жасалған айуандылықтың сол уақытта шеті мен шегі жоқ еді. Оның зорлығы мен құқайын Құдиярбек би Шотаманұлы да аз көрмепті. Мына бір көрініс сол сәттен айна-қатесіз сыр шертеді. «Іңірде қазақтар қамалған камераның екі терезесіне төрт солдат келіп, нарда жатқандарға бесатардан жалынды оқ жаудырды. Әр терезеде қос солдат, үсті-үстіне еселенген атыстың демі басылмады. Нардың терезеге тірелген жерінде бет-аузы айғыз-айғыз, жотасы қан-қан Құдиярбек етбетінен сұлап жатыр», – деп адам төзбестей ашына суреттелген. Сондағы бас көтерер қазақтардың көрген күні осылай болған. Патша солдаттары адам қорлаудың айласын асырып баққан. Аяушылық дегенді білмеген.

Заманаңың сол бір сейіле қоймайтын қара бұлтты қатері төніп тұрғанда, халықтың арқа сүйеп жүрген атпал азаматтарының қуғын-сүргінге түсіп, көрмеген теперіштері қалмапты. Одан бір болыстың биі атанған, ары мен жанының тазалығымен Құдиярбек би қалай тысқары қалсын. Сол зобаланда ол халықтың қалқаны болып жүрген игі жақсыларымен әйгілі Қарақол түрмесіне үш-төрт мәрте қамалыпты. Тек тергеуді ғана емес, тепкінің астына алынғанын да тарихи деректер айғақтап бере алады. Ондай қорлық пен зорлықтан ол жасып қалған жоқ. Қайта одан әрі қаһарына мініп, қатерлі кезеңнің қайсар перзенті екендігінен қайтпайды.

«Қолынан келіп тұрған, қонышынан басады» демекші, сол уақытта жаналғыш әзірейіл патшаның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, бас көтеріп қарсы шыққан қазақтардың халықты көтеріліске үндеген ұтқыр ұйымдастырушылары мен топ бастар жетекшілерін қинау мен атудан аянған жері болмады. Сол сияқты патша үкіметінің «Үкіметке қарсы қарулы күш жұмсамақ болғаны үшін, патшаның жеке басына нұқсан келтірерлік қылмысты іс істегені үшін, үкіметке қарсы елді қарулы күреске шақырғаны және үгіт жүргізгені үшін жауапқа тарту туралы» қаулы қабылдағаны одан әрі қатты соққы болып тиді. Осы қаулыны желеу еткен патша жендеттері болыс атаулыдан өздерінің көздеріне түсіп жүрген 66 белсендіні бірден түрмеге жабады. Олардың алдыңғыларының бірі болып Құдиярбек би Шотаманұлы да Иванов болысынан қауіпті қылмыскерлер қатарына тіркеледі. Сонда патша үкімі бойынша жазаға тартылғандардың алды атуға, арты 15 жылдан 25 жылға дейін қатырмаға (каторгаға) айдалады. 66 адамның бірде-біреуі сау қалмайды. Бәрі де жазықсыздан жапа шегеді. Құдиярбек би де екінші топтан ату жазасына кесіліп, арманда кетеді. Нақты дерекке сүйеніп айтар болсақ, сол оспадыр сойқанның салдарынан Қарқараға қатысты аумақтарда 373 үй өртеніп, 1905 адам оққа ұшып, 684 адам жараланып, 1105 адам тұтқындалып, кейіннен олардың мүлдем із-түзсіз кеткендерін тарих дәлелдеп отыр. Әттең, осыны ретке келтіруге тиісті орындар құлықсыз...

Дегенмен, халқы үшін қабырғасы сөгіліп, оқтан опат болған Қарқара көтерілісінің тарихи тұлғасы әрі қайраткері Құдиярбек би Шотаманұлының артында айшықты із қалды. Қақпақ ауылында оның атында көше бар. Райымбек ауданының орталығындағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушыларға арналған ескерткіште әдіптеліп жазылған аты-жөні тұр.

Есімдері тарихта алтын әріппен жазылар Қарқара қаһармандарын еске түсірсек, артық болмас. Олар: Әубәкір Жүнісов (12 маусым 1886, 12 ақпан 1939) – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысушы. Ол қазіргі Алматы облысының Кеген ауданында Суықтоғай ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1908 жылы Жаркентте ауылшаруашылық мектебін бітірген. 1916 жылы Қарқарадағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін тұтқындалып, өлім жазасына кесіледі, бірақ бұл жаза ауыстырылып, майданның алдыңғы шебіне жіберіледі. 1917 жылы ақпан көтерілісінен кейін Жаркент қаласында босқындарға жәрдем көрсету жөніндегі Түркістан комиссиясында істейді. 1919 жылдан Жаркент уездік-қалалық милиция бастығының орынбасары қызметін атқарып, 1921 жылы атаман Дутовты жою әрекетіне белсене қатысады. 1922-1924 жылдары Түзкен болысында (қазіргі Кеген ауданы) халық сотында судья қызметін атқарады. 1924 жылдан Алматы Облсотының мүшесі, Обладвокатура коллегиясының төрағасы болып жұмыс атқарған. Жүнісов Әубәкір сталиндік құдалаудың құрбаны болып, 1937 жылы қамалып, 1939 жылы ату жазасына ұшырайды. Ал 1957 жылы Жетісуда Кеңес өкіметін орнатушы ретінде ақталады.

Жәмеңке Мәмбетұлы да осы кезде орыс отаршыларына ойсырата соққы берген жау жүрек батыр болыпты. Оның: «Берсек, бала өледі. Бермесек, шал өледі. Бала өлгенше, шал өлсін, адам бермейміз!» – деген қанатты сөзі халықтың үніне, сол кезгі ұранына айналып кетті. Ұран ел арасында осы күнге дейін айтылып жүр.

Жәмеңке Мәмбетовтің өмірбаяны, Қарқара қазақтары тарихындағы маңызды кезеңдермен тікелей байланысты болды. Ол өзіне тән жігерлігімен, табандылығымен, сабырлығымен, батылдығымен ерекшеленді. Оның игі ықпалымен халық арасында бірлік пен ынтымақ қалыптасты. Ол Нарынқолда 1909 жылы қазақ балалары үшін орысша-қазақша оқитын мектебін ашуға атсалысты. Ел ішіндегі талас-тартысты, барымта-дауды әділ шешті. Жәмеңкенің патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы айтылған өсиеттерін жергілікті жұртшылдық түгелімен қолдаған. Жәмеңке Мәмбетов Қарқарадағы оқиғаларға байланысты қамауға алынған кезде 78 жаста екен. Сексенді алқымдаған жасына қарамастан ол ұзын бойлы, өр мінезді, денесі тіп-тік, шоқша сақалды, сопақ бас қария ретінде ел жадында қалған екен. Патша жендеттері 1916 жылы 23 шілдеде Жәмеңке және Ұзақ бастаған 16 адамды тұтқындап, 10 солдат айдаушымен Қарақол түрмесіне әкеледі. Бірнеше күн өткен соң, Қарқара абақтысына 65 кісі қамап, оның ішінен Серікбайды, Әбдіқалықты, Алдабергенді Жаркент түрмесіне 3 солдатпен әкетеді. Айыптылардың ішінен Жәмеңке Мәмбетов өкімет үшін саяси қауіпті деп, прокурор Жәмеңкенің көзін тездеп жоюды ұйғарады. Осы ұсыныс бойынша түскі ас кезінде Жәмеңкеге пісірілген, уланған қойдың басын жегізіп өлтіреді. Марқұмның денесі Ыстықкөл аймағындағы Қарақол-Ата деген жерге жерленеді. Артында зайыбы Әмина, ұлдары Сыдық, Сыдықбек, Смағұл, қыздары Бибісара, Гүлсара қалады.

Жәмеңкемен қанаттас Серікбай, Әубәкір сияқты батырлар және Ұзақбайдың Монай-Мұқаны секілді қолбасшылар, Диқанбай Жанпейісұлы, Жақыпберді Солтанқұлұлы, Аққоян Сабаншыұлы, Қабылбек Сауранбайұлы сынды жасақ басшылары, батырлардың ерлігі елге мұра, ұрпаққа ұран болып әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Ұзақ Саурықов – Кеген-Нарынқол өңірінде аты аңызға айналған батыр. Пржевальск уезінің сотында 1918 жылы 5 тамызда берген жауабында Ұзақ Саурықовтың жасы 55-те, сауатты әйелі, жеті баласы бар екенін көрсетеді. Ел ауызындағы аңыз әңгімелерге қарағанда Ұзақ турашыл, ойындағыны бетке айтатын, қайсар да, көңілді адам болған. Ұзақтың Әбден, Оман, Мәшен, Дәуленхан, Тәліп атты бес ұлы болған.

Жаңабай Құдайбергенов (1865-1916) – қазіргі Үйғыр ауданының Қырғызсай елді мекенінде дүниеге келген. Жаркентте медресе бітірген. 13 жасынан 30 жасқа дейін Жаркенттегі ұйғыр байы Уали Юлдашевтың қарамағында істейді. Жаңабай Құдайбергенов Уали байдың малдарын өткізіп, сату барысында Мәскеу, Петербор, Пекин, Ташкент, Семей, Омбы, Орынбор сияқты қалаларда болған. Орысша, қытайша, ұйғырша хат танып, жаза да, сөйлей де білген. Жаңабай 1916 жылы малшы, диқан жалшылардан жасақ құрып, көтерілісті басқарушылардың бірі болған. 1916 жылы патша жендеттері Жаңабайды атып, үй-жайын өртеп жіберген. Оның бес ұлы, екі қызы болған.

Айтбай Даркенбайұлы (1862-1928) – албан тайпасының Қожбанбет руынан шыққан. Сол кездегі Жетісу облысындағы 16 болыстың бірі болып, үш рет қатарынан сайланған. 1917 жылдан Кетпен тауы етегіндегі Көмірші деген ауылында тұрады.

Серікбай Қанаев 1870 жылы қазіргі Алматы облысы, Кеген ауданы, Жаңаңаш ауылында дүниеге келген. Серікбай Қарқара көтерілісі көсемінің бірі болған. Өз әкесі Қанай атақты Медеу байдың туған құдасы болған. Медеудің ұлы Рақымға Қанай қызын берген. 1916 жылғы Қарқара-албан көтерілісі кезінде ол Таушелекте болыс болған. Оның Нұрбек, Мырқасым, Әкімбек атты балалары болған. 1916 жылғы Қарқара көтерілісі кезінде Серікбайды ақ жендеттер Кеген өзені бойында атып өлтіреді.

Ел намысы мен бақыты үшін ерлікпен қаза болған Қарқара көтерілісінің өзге де қаһармандарының есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІНДЕГІ ЖАМБЫЛТАНУ ЖЕМІСТЕРІ

Темірхан Сақаұлы ТЕБЕГЕНОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты

Жамбылтану – Қазақ Еліндегі ұлттық сөз өнерінің азаматтық-отаншылдық рухын дамытудың ықпалды саласы. Тәуелсіздік дәуірінің алғашқы онжылдығындағы жетістіктердің қатарында 1996 жылғы Жамбылдың 150 жылдық мерейтойының халықаралық деңгейде алуан түрлі іс-шаралармен өткізілгені де ұлттық поэзияның халықтық ықпалын айрықша дәлелдеді. Жамбыл мерейтойына арналған салтанатты мәжілісте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жамбыл туралы сөз» тақырыбымен баяндама жасағаны, жазба ақындар мүшәйрасының, республикалық, халықаралық ақындар айтыстарының өткізілгені, поэзия алыбы шығармаларының академиялық екі томдығының, Жамбыл туралы жаңа фильмнің жарыққа шыққаны, т.б. – бәрі де қазақ поэзиясының ғасырлар бойы халықтың азаматтық, отаншылдық рухын көтеретін педагогикалық-эстетикалық тағылымын дәлелдеді. Жамбылтанудағы көрнекті жұмыстар қатарында поэзия алыбы туралы жаңа прозалық көркем шығармалардың да жазылғандығын айтамыз. Бұл үрдістің суреткер Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының төртінші кітабындағы сюжеттік бөліктегі хакім Абайдың сырқаттанған ұлы Әбдірахманның көңілін сұрай Алматыға келген Жамбыл ақынның көркем бейнеленуінен басталып, кейіннен қазақтың көрнекті ақын-жазушыларының Жамбылға арналған туындылар жазуына ұласқаны мәлім. Тәуелсіздік жылдарында жазушылар Нағашыбек Қапалбекұлының «Бала Жамбыл», Мұхамеджан Етекбайұлының «Ұлылардың ұлысы – ақын Жамбыл», Жұмабай Шаштайұлының «Жыр жолбарыс» повестері және т.б. қаламгерлердің туындылары оқырмандардың жылы ықыласын иеленді.

Жамбылтанудағы көрнекті салалардың бірі – ғылыми-зерттеу еңбектер. М.Ә.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институында ХХ ғасырдың 70-80-жылдары Жамбылтану бөлімі (меңгерушісі – ғалым-жазушы Мырзабек Дүйсенов) жұмыс істеді. Сол бөлім қызметкерлерінің ұйымдастыруымен бірқатар ұжымдық монографиялық іргелі еңбектер жарық көрген еді. Осы бөлімнің қазіргі кезеңде де жұмыс істеу зәрулігі байқалып отыр. Себебі, Жамбыл дәстүріндегі ауызша авторлық поэзияның қазіргі заманғы айтыс өнері жаңаша қарқынды дамып отыр. Сонымен бірге, ата-бабалық бұл киелі өнер Біріккен Ұлттар Ұйымы арнайы тізіміне де тіркелді. Тәуелсіздік жылдарында Жамбылтану аясында ғалым М.Жолдасбековтің докторлық («Жамбыл және оның ақындық дәстүрі»), кандидаттық (А.Темірханқызы «Жамбыл шығармашылығына жаңаша көзқарас: ұлттық сипат және дәстүр жалғастығы», А.Қыдырбаева «Жамбыл шығармашылығының зерттелуі») диссертациялары қорғалды. Жамбылтанудың негізін қалыптастырған көрнекті ғалымдардың (М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Исмайылов, С.Бегалин, Х.Сүйіншәлиев, М.Дүйсенов, Н.Төреқұлов, С.Садырбайұлы, Я.Амандықов, т.б.) іргелі зерттеу еңбектері Тәуелсіздік жылдарында қайта басылды. Қазіргі кезде республикамыздың жоғарғы оқу орындарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бөлімдеріне арналған «Жамбылтану» таңдау пәнінің оқу құралы (авторы – А.Темірханқызы) жарық көріп пайдаланылуға ұсынылды.

2016 жылы ақпан айында поэзия алыбы Жамбылдың 170 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар (ұйымдастырушы – Халықаралық Жамбыл қорының жетекшісі, Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы) жоспарлы түрде жүзеге асырылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де, Қазақтың мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде, Қазақ аграрлық ұлттық университетінде, М.Ә.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институында Жамбыл шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми конференциялар өткізілді. Алматы облысы және Жамбыл ауданы әкімдіктерінің ұйымдастыруымен Талдықорған қаласында Республикалық ақындардың аламан айтысы ұйымдастырылды. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ұйымдастыруымен Жамбыл атындағы филормонияда студент ақындардың Бірінші республикалық айтысы да болды. Осы университеттің базасында әдеби-мәдени, ғылыми-танымдық республикалық «Жамбыл әлемі» газеті де шыға бастады. Университет ректоры, академик С.Ж.Пірәлиевтің ұйытқы болуымен бұл жаңа басылымның беттерінде республикамыздағы алыс, жақын шетелдердегі студенттердің балауса шығармалары, мақалалары жарық көретіндігі жоспарланып отыр. Әрине, Тәуелсіздік жылдарында Тараз қаласында жарыққа шығып келе жатқан «Жамбыл» әдеби, мәдени-танымдық журналдың да өзіндік маңызды орны бар екені мәлім.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі «Жамбылтану» ғылыми-зерттеу интститутының (директоры – профессор Бекен Ыбырайым) да жемісті нәтижелері жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Жамбыл шығармаларының төрт томдығының, әдебиетіміздің тарихымыздағы көрнекті халық ақындарының мұраларына арналған кітаптардың және т.б. басылымдардың осы институт аясында жарық көргені де Жамбылтанудың жемістері қатарын толықтыруда.

Жамбыл шығармашылығы – қазақ халқының ұлттық, азаматтық-отаншылдық рухының көркемдік ойлау биіктігін танытатын рухани құндылық қазынамыз. Ауызша авторлық поэзиямыздың ғасырлар бойы қаһармандық-жауынгерлік рух қуатын танытқан Жамбыл бабамыздың шығармалары және оның дәстүріндегі ұлттық поэзиямыз қазіргі және болашақтағы Қазақ Елі ұрпақтарын мәңгілік қуаттандырады.

(Соңы. Басы өткен сандарда)

ИНФАРКТ

Өсер үйіне бір жағынан түтігіп сөйлеп кірді.

–Талап тастады. Талап тастады, иттер!

Үй ішіндегілердің үрейлі көзі Өсерде

– Не, не болды?

– Жайшылық па?

Өсер өзімен өзі. Екі шынтағы өзі отырған жұмсақ орындықтың екі қапталында, ісінген екі көзі қарсы қабырғада. Жұдырықтары түюлі.

– Өздері білсін, аспанда құдай бар ғой. Құдай бәрін көріп тұр. Иттер!

Түн ортасында Өсердің үйіне үрей кірді. Өсер қатты мазасызданып, жедел жәрдем шақырылды.

Аурухана, Инфаркт!

***

Инфаркт?

Инфаркт медициналық термин. Латын тілінен енген. Жалпы мағынасы: жүрек бұлшықетінің жансыздануы. Сонда жүрек бұлшық етінің жансыздануына не себеп? Себеп көп. Темекі, жүректі май басу, аз қозғалыс, қан тасу, қанда қанттың көбеюі, жүйкенің жұқаруы т.б.

Жүректің «тігісі» жүйкеден сөгіледі. Оған да себеп көп. Бір себеп – сөз, сөз қиянаты – «Жаптым – жала, жақтым - күйе».

Ақын Темірхан Медетбек «Мен сөзден қорқамын» дейді. Түсінуге болады. «Ой, оттай берсін, ауыз не демейді, ит не жемейді» «Ит үреді, керуен көшеді» деп, пыш-пышқа пысқырмайтындар бар. Ондайларды түсінуге болады. Олар өздеріне сенімділер, ішкі имунитеті күштілер – «бетбақтар». Олардың қарсы қимылы – айбат, қарғыс: «білгенін істесін», «кесіп алсын», «Өзі ше, өзі періште ме, сволыш!», «Құдайдан тапсын!», «Ана жерде анаусы отыр қоқиып, оның көзірі, оның крышасы сол ғой. Ұрдым көзірін, ұрдым крышасын!»

Сөз (күбір-сыбыр) жанына батпаса, кім бұлай ышқынып сөйлейді?!

Сөз,сөз!

Ашылмайтын ауыз, қозғалмайтын жақ жоқ. Жазылмаған тақырып көп, айтылмаған сөз ше?

«Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жылы-жылы сөйлесе –жылан інінен шығады», «Екі елі ауызға – төрт елі қақпақ», «Басқа пәле - тілден», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «Сөз бас жарады, бас жармаса тас жарады», «Ауруда – шаншу, сөзде қаңқу жаман». Бәрі-бәрі сөздің қадір қасиеті. Тиымы бар, емесі бар – бұл халық даналықтарын таратып айтсақ қаншама том кітап! Әлде де…

Сөз – шырай, сөз – баға, сөз – пікір, көзқарас, құдайшылық.

Өлең сөз, өтірік сөз, қара сөз, қанатты сөз, қағытпа сөз, естіген құлаққа ерсі тыржаланаш жаман сөз, жан жаралайтын жала сөз, әшейін сөз, әшкере сөз, бетің бар, жүзің бар демей айтылатын, яғни айтпай болмайтын немесе «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» қаһарлы сөз. Көзі кіртиген кінәмшілдің сөзі, кірпияздың, кіріптардың сөзі. Сөз – қорғаныс, сөз мінез, сөз – бұйрық райы.

Бірде жаймашуақ, бірде азынған жел, боран, бұрқасын, бірде сақылдаған сары аяз – жаратылыс – табиғат та мінезін өзгертпей тұрмайды.

Адам өмірі де соған ұқсас: тып-тыныш, жым-жырт ештемесі жоқ. Табиғат пен адам мінезінің осындай заңдылықтарына түсіністікпен қарай отырып, сөздің о жақ-бұ жағын қамти келе айтпағымыз – адамға адамның, қоғамның қиянаты, сөз қиянаты жайы.

Қиянат қай ғасыр, қай қоғамда болмаған. Қиянат қай халықта жоқ. Қиянат, әсіресе сөз қиянаты жайында, кәне, кім не айтады?

«…Бізде мың талантты ертерек өлтіріп алып, жылаған болып, әділет пен шындық іздеген болып, жабыла мақтауымыз, жұмыла жоқтауымыз бар» / Сұхбат: Софы Сматаев – Алмат Исаділ. «Алаш айнасы»,. 22.06.2011ж./.

«Қазақтың елі бай, жері бай, қазаққа бәрі жетеді, тек бір нәрсе жетіспей жатады. Ол – ауызбіршілік» (…) «Бір қорықсам, осы алауыздықтан қорқамын» / Серік Үмбетов. «Алматы ақшамы, 9.10.2011ж./.

«…Қазақ әсіресе, бірін-бірі сырттан жамандағанда алдына жан салмайды ғой» /Сәулебек Жәмкенұлы Жүрсін. «Егемен Қазақстан». 26.10.2011 ж./.

«Қазақты қазаққа айдап салып, қызығын қарап отыратындардың қолымен жасалған тірлік үрдіске айланып бара жатқандай.» /Айгүл Аханбайқызы «Халық сөзі», 7.10.2011ж./.

«Бір жақтағы біреулерге ауданның құрметті азаматы атағын беріп жатыр». Жерлес, қаламдас қарындасымыздың аузынан жылдам шыққан сөз. «Менің қазіргі көріп жүрген күнімді адамның басына бермесін. Өз-өзіме ұқсамай бара жатқан сияқтымын.»

«Мен кешкен сергелдеңді бір еркек те көтере алмас еді. Қиналсам да арқамда панам болуға, қателессем үлкенге тән ұлағатпен жөнге салуға тиісті мүйізі қарағайдай ағаларымнан көрген соққы мен жөнсіз өсек, ғайбаттар қыр арқамнан аяздай өтті.» (…) «Басымнан сипайтын адам да, қоғам да жоқ» / Ақсұңқар Ақынбабқызы. «Үш қоңыр», 22.06.2011ж./.

«Мені сыртымнан ғайбаттайтындардың сөздері құлағыма тиіп жатады, солардың жартысы әйелдер болса, қалған жартысы – ер азаматтар.»

/Сұхбат. Сәуле Әбединова – Балжан Мұратқызы. «Халық сөзі», 06.12.2011ж./.

Ох, бұл сөз – жала кімді таламады, кімнің түбіне жетпеді!

Жаланың, өсек-аяңның құрбаны болды ма, бұрынғы денсаулық сақтау министрі Жақсылық Досқалиевті де көпшіліктің көңілі жамандыққа қимадйды.

Солай, «Слезами пропитана земля» (Владимир Гундарев).

Қиянат, ох, қиянат!

Әділетсіздік атаулының бәрі қиянат, көз жасы, жан жарасы. Әділетсіздік адамзатпен бірге жасасып келе жатыр дегенді естідік – не деген сарқылмайтын көз жасы, не деген таусылмайтын, таралымы көп пәлекет?!

Қиянаттың да киянаты бар. Біз адамды иттен бетер талайтын сөз қиянатына, яғни, өсек –аяң, күбір-сыбырға көбірек бейімделіп барамыз.

Адамзаттың ақыл-ойы небір ғажайыптарды ойлап тауып жатқанда неғып өсек-аяң, күбір-сыбыр қиянатына ең болмаса, бір түйір бірдеме ойлап таппағанын?…

Келесі себеп – «бір атым насыбай» немесе өкпе-наз, базына. Таразысы – ақыл-парасат.

«Кісі жамандау – кісі етін жегенмен бірдей» деген Хадистерден көзімізге түскен еді. Қандай қатаң ескерту! Осындай қатаң ескерту құлақтарына тигенде өсек–аяңшылардың неғып селк ете қалмайтынын… Өкінішке орай бұл қатаң ескерту күбір-сыбырға тосқауыл бола алмады.

«Ауруда – шаншу жаман, сөзде – қаңқу жаман». Халық ойлап тапқан қанатты сөз. Ал, сол халық қаңқу-шаншуға қандай амал-айла ойлап тапты?

Ерте заманда бір хан Әпендіні алдына шақырып алып:

Сіз өсекшілерге қандай шара қолданар едіңіз? - деп сұрайды.

Әпенді:

– Мен болсам, өсек айтушыларға тимей, өсек тыңдаушылардың құлақтарын кесіп алар едім, - дейді

Бір есептен Әпендінікі дұрыс шығар. Бірақ, құлақ шұнтитуға заң, мораль, халықаралық адам құқы не дейді? Біздіңше, Әпендінің жауабы – эмоция. Күйіп кеткесін айтқаны.

Жарайды, алдағыны Алла біледі. Өтіп кеткен қиянаттар ше? Айтылмай, әшкерленбей көмулі күйінде қала бере ме? Болған ғой небір сұмдық қиянаттар. Қиянат Абай бабамызды таяққа жықты. Шәкәрімнің, Пушкиннің түбіне жетті. Маяковский, Есенин, Фадеев, Олжасты 47 академик жұлмалады. Софы Сматаев – үш рет инфаркт алды. Құдай жар болсын! Академик Манаш Қозыбаев төрт рет инфаркт алып, өмірден озды. «Жазғыштар Баукеңді де жамандап жазыпты ғой» /Мамытбек Қалдыбай. «Түркістан», №7,2011ж./.

«Ақ патшам» деп, олай өтіп, былай өтіп, айнаға сүйеулі тұрған Роза Бағланова апамыздың суретіне қарап пырс-пырс еткен бір түтін ауызбен «сен, давай, оттама!» - деп, жуан даусымен оны тиып тастаған замандасымыз әлі есімізде. «Онда сендердің не шаруаларың бар, әй, қасқалар? Әйда, әңгімені қойыңдар!» - деген сықылды тиым сөздер жиі естілсе ғой, шірк-і-і-н!

Мына бір өлең жолдары осындай реттерден туып еді:

…Тоқтатыңдар, сендер, әй, әңгімені!
Қопсыттыңдар қаншама әрнемені?
Жақтарыңнан не қалды, қасқалар-ау,
Сықыр-сықыр жүргізіп әрлі-берлі.

Тоқтатыңдар дедім ғой әңгімені!
Не… қарайсың сен маған әңгі неме?
Ұрынғанша әркімге,
тыңдамайсың
Күліп салған әнебір әнді неге?!

Қысқартыңдар дедім ғой әңгімені!
Бермен қара сен… сен, әй, әңгі неме:
Ұрынғанша әркімге,
тыңдамайсың
Жылап салған әнебір әнді неге?!

Салса салсын зәулім үй,
нелерің бар?
Алсын сатып самолет,
нелерің бар?
Бұл неғылған бітпейтін күбір-сыбыр?
Сенікі не, әй, Сақал, еліріп ап?…

Күләш Бәйсейітова апамыздың да өмірін қысқартқан сөз қиянаты көрінеді.

«…Оны көре алмайтын адамдар өте көп болды. Комитетке үстінен арыз түскеннен кейін, кішкене науқастанып, үйде жүрді. Қан қысымы да көтерілді». / Тұрсын Бәйісова (Күләш Бәйсейітова апаның сіңілісі). «Абыз», №4, сәуір, 2011ж. Сұхбаттасқан журналист Риза Исаева/.

«Тағы бір жайсыз оқиға болды. 1956 жылы анамның үстінен көре алмағандар жоғары жаққа арыз түсіреді. Комитеттен қайтып келгеннен кейін: «Маған енді өлу ғана қалды» - деп анам қамығып еді» /Қарлығаш Бәйсейітова. «Абыз», №4, сәуір, 2011 ж./.

Ой, әттегене-ай, бұл қиянатқа не деуге болады?! Сөз қиянатынан туындаған мұндай сауал-сұраққа кезінде Абай бабамыз да тосылып: «Осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісінің жамандаудан аманы жоқ болатыны қалай?» (Қырқыншы қара сөз).

Тағдыр таяқтамаған, қиянат таламаған қаламгер қане? Қасым Аманжолов ше?

… Қасіретпен өткен Қасым ағам-ай!
Сенің айыбың –
Көп жұрттан артық туғаның.
Қасымдай ақынын –
Талауға тастаған
Құдайым-ау, неткен замансың!
Темірхан Медетбек /«Үш қоңыр», 14.09.2011ж./.

…Ішінде абақтының біз жатамыз,
Көңілді құмалақпен жұбатамыз.
Алыстан іздеп келген ағайынға
Тесіктен алақандай тіл қатамыз.
/Мәди/

«Адамды құртатын әуелі қаңқу сөз» дегенді де талайлардан естідік. Біз де «көп ағайынды» қаңқу-шаншу, өсек-аяң, пыш-пыш, күбір-сыбыр, жыбыр-жыбыр деп аталатын сөз қиянатына сондай ретпен әдейілеп қайрылдық. Алайда, сөз атаулының бәрі қиянат па? «Айтпаса сөздің атасы өледі», «Тура айтқан туғанына жақпайды» дегендейлерді қалай түсінеміз?

Әңгіме емес әңгіме жоқ. «Кетеді біреу мақтап, біреу боқтап.» Бұның да өз әңгімесі, өз дәлелі бар.

«Ешкілі қой өреген, қызды ауыл өсекші». – Бұның да көш жер әңгімесі, өз дәлел-себептері бар.

«Ауру - ауыз қуысында..»

Нанайық па, нанбайық па, денсаулық тұрғысынан медицина ғылымы өсек-аяңды, пыш-пышты бір жақты ақтайды, дәлелдейді. Гарвард университетінің дәрігері Колин Гилл дегеннің ерінбей-жалықпай зерттеуіне қарағанда әйелдердің 85 пайызы өсек айтқан кезде рахаттанып, күш қуат жинап, бойларындағы андай-мындай жел-құзды айдап шығатын көрінеді. Өйткені, өсек-аяң қыза бастағаннан олардың ағзасында серитонин тәрізді гармон түзіліп, ашу ызалары басылып, жайма-шуақ күй кешеді екен. /«Алаш айнасы», 8.12.2011ж./.

Бұған не дейміз? Өсек-аяңды гулете береміз бе? Ке-е-етсін әрі!

Өсек-аяңның өршуіне не себеп? Әуелі іштарлықтан.

Баз біреудің бойында құштарлық бар.
Біреуде жауыз тектес іштарлық бар.
Құштарлықты бар жанға жая бермес,
Құ Құдайдың өзінде іштарлық бар.
/Оспанхан Әубәкіров/

ЗАҢГЕРЛЕР – ӘДІЛДІК ҮШІН КҮРЕСКЕРЛЕР

Адамзат ежелден барлық жандардың құқығы тең сақталатын әділетті қоғам құруды армандады. Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген елшілер мен пайғамбарлар да, жоғары саналы, парасатты ғалымдар да осы ізгі мақсатты жүзеге асыруға ұмтылды. Ал, Жаратушы Иеміздің көркем есімдерінің бірі Оның «өте әділ» деген сипатын білдіреді. Сондықтан Аллаһ Тағала қоғамда тыныш, бейбіт тірлік, ынтымақ-бірлік сақталуы үшін әділетті жүйе құрылуын талап етеді. «Маида» сүресінің 8-аятында әділеттіліктің тақуалыққа жақын қасиет екенін, ал, «Худжрат» сүресінің 9-аятында әділ құлдарын жақсы көретінін білдіреді. Шексіз Құдыретті ТәңірімізКиелі Құранның басқа аяттары арқылы Қиямет Күні есеп таразысы құрылғанда әр пендесіне өте әділ үкім шығаратынын, ешкімге қылдай қиянат жасамайтынын, соттар, т.б.заң үкімін жүзеге асырушылар ерекше жауапқа тартылатынын, ал, әділ басшы, әділ сот, әділ саудагер, әділетті құлдарына ақыретте зор сый-сыяпат барын айтады. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (Оған Аллаһтың сәлемі, игіліктері болсын) турашылдықтың, әділеттіліктің ең ұлы, аса тамаша үлгісін көрсетті.

Бір ғана мысал келтірейік: Махзұмдықтар арасында бір әйел ұрлық жасайды. Ақсүйек тұқымынан шыққандықтан руластары оған араша түскісі келеді. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың сәлемі, игіліктері болсын) сүйікті сақабаларының бірі Үсәма ибн Зәйдті араға салып, ол әлгілердің өтінішін жеткізгенде, Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың сәлемі, игіліктері болсын) бұл бұра тартушылыққа қатты ашуланып: «Әй, Үсәма, Құдайдың үкімін өзгертпекпісің?!» – дейді. Сөйтіп, бұрынғы қауымдардың әділетсіздік жасағандарының кесірінен құрып кеткенін баяндап, сөзін былай түйіндейді: «Олар әлсіз біреу қылмыс жасаса, дереу жазалап, күшті біреу қылмыс жасаса, жылы жауып қоя салатын. Аллаһтың атымен ант етейін, егер сол ұрлықты өз қызым Фатима жасаса да жазасын бергізер едім (қолын кескізер едім)» .

Құранда: «Аллаһ сендерге аманатты иесіне беруді, адамдар арасында төрелік жасағанда әділеттілікке сай үкім беруді бұйырды» («Ниса» сүресі, 58-аят), десе, хадисте: «Бір күн әділдікпен елді басқару алпыс жыл (нәпіл) құлшылық жасағаннан да артық». «Ел басқаруды мойнына алған кісі өзін және отбасын ойлағандай қарамағындағыларды да ойламаса, Қияметте жұмақтың иісін де сезе алмайды» делінген.

Алғашқы төрт халифа да, сүнниттік қауымның төрт имамы да әділеттілік жолын берік ұстанған. Олар қандай да бір қателік жіберіп, әділетсіздік жасаудан қатты сақтанған. Ата-бабамыздан мәзхабын ұстанатын Имам Ағзам Әбу Ханифаны халифа Мансұр қазылыққа тағайындамақ болғанда, ол бұл үлкен, құрметті лауазымнан саналы түрде бас тартып былай деген: «Мен үшін кей уақыттарда мәжбүрлікпен әділетсіз үкім шығарғаннан гөрі жер құшып өліп кеткенім әлдеқайда артық. Бай-бағлан, шенеуніктер арасында менің әділ үкімімді ауырсынатындар бар. Сондықтан мен қазылық міндетті атқарудан бас тартамын» . Ол кісінің осы қызметті мойнына алмағаны үшін жазаға тартылып, содан зынданда ауыр жағдайда қайтыс болғаны туралы деректер бар.

Исламда адамдардың бәрі бір-бірімен тең саналады. Шен-шекпеніне, ұлтына, лауазымы не байлығына қарай ешкімге артықшылықтар берілмейді. Киелі Құран Аллаһ Тағаланың алдында адамдардың бәрі бірдей екенін, ең ардақтылары тақуалар екенін айтса, хадистер «Адамдар тарақтың тістеріндей бір-бірімен тең. Ешкімнің ешкімнен тақуалықтан басқадай артықшылығы жоқ» деп көркем теңеумен түсіндіреді.

Құран мен сүннеттен нәр алған халқымыз да әділеттілік, адамгершілік туын жоғары ұстап, Майқы бидің «түгел сөзі», Әз Жәнібек ханның «әдет-ғұрыптары», «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» арқылы адамдардың тепе-теңдігін қамтамасыз еткен қоғам құра білді. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Әділ биі бар елді дау араламайды» деген халқымыз қара қылды қақ жарған өте әділ билерді тәрбиелеп, қалыптастырып, олардың ісі, атқан сөздері күні бүгінге дейін үлгі-өнеге болуда. Тіпті, еуропалықтар кешегі КСРО үкіметі мен қазақтың ұлттық заңдарын салыстыра отырып, қазақы заңдар бәрінен жоғары, турашылдыққа, үлкен әділеттікке бағытталған заңдар екенін таң қала мойындаған.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Ұлт көсемі Н.Ә.Назарбаевтан бастап белді қайраткерлеріміз ата-баба жолын жалғастырып, әділ заңға негізделген қоғам құруды қолға алды. Елбасымыз «Біздің қоғамда «артық» немесе «бөтен», «біздікі» немесе «біздікі емес» деген сияқты түсініктер болмауы керек. Біз мемлекетіміздің бір де бір азаматын қараусыз қалдырмаймыз. Әрбір қазақстандық мемлекет қолдауын, қамқорлығын сезінуге тиісті» деп Ата Заңымызда барлық Қазақстан азаматтарының құқықтары тең екенін, түрлі ұлттық немесе конфессиялық ерекшеліктеріне қарап бөліп-жармайтынын, алалап-құлалаушылыққа жол берілмейтінін атап айтты. Ал, дамыған отыз елдің қатарына қосылу үшін ендігі жерде заң үстемдігі салтанат құратынын мәлімдеп, бұл қағидаттар «Бес институционалдық реформада», «Жүз нақты қадамда» жарқын көрініс тапты. Қазір республикамыз бойынша осы бағытта қызу жұмыстар жүргізілуде, бірінші кезекте заңгерлер дайындайтын үлкенді-кішілі оқу орындарының жай-күйіне баса назар аударылуда.

Осындай аса маңызды міндеттердің жүзеге асуына өзіндік үлес қосатын ЖШС «Д.А.Қонаев атындағы Колледж» өткен ғасырдың аяғында, яғни

Алматы қаласындағы Д.А.Қонаев атындағы университет Колледжі 1998 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.08.1998 ж. №447 бұйрығымен БМ №0000019 лицензиясының негізінде университеттің құрамындағы бастапқы бөлімшесі болып ашылған еді.

Құрылтайшылары: профессор, заң ғылымдарының докторы Копабаев Өмірәлі Қажыбайұлы мен Дархамбаева Кашипа Рахимбекқызы, Толқымбекова Назгул Өмірәлиқызы бастамасымен колледж негізі қаланып, оқушыларға кәсіптік-техникалық білім беру саласында, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін мерзімсіз АА -5 №0103907 алғашқы мемлекеттік лицензия негізінде білім берді. 2014 жылдың қыркүйегінен бастап ЖШС «Д.А.Қонаев атындағы Колледж» болып №14012893 Лицензиямен жұмыс атқаруда. Содан бері осы оқу орнынан 5500 жас маман түлеп ұшқан.

Райхан БӨЛЕКБАЕВА

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң Академиясының ректоры, профессор, Қазақстан республикасы Президенті жанындағы құқықтық саясат жөніндегі кеңестің мүшесі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер Өмірәлі Шакарапұлы Жалаири сияқты ірі заңгер қабырғасын қалаған аталмыш колледж аз уақыт ішінде республикамызға танылып үлгерді. Осы оқу орнының директоры Райхан Чантовнанынң айтуынша, мұнда шәкірттердің сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. 4 қабатты оқу корпусы, оқу шеберханалары, медицина, спорт, акт, оқу залдары, асхана, кітапхана заманауи құрал-саймандармен

жабдықталып, оқушылардың керегін алыстан іздемей алаңсыз білім алуына, қол боста мәдениетті тынығуына, денсаулығын жақсарту үшін спортпен айналысуына қызмет етеді. Ал, оқытушылардың негізгі құрамы жоғары және бірінші санатты білікті мамандардан тұрады. Негізінен қазақ және орыс тілдерінде дәріс беріледі, оқу үдерісінде ағылшын тілі де қолданылады. Колледж түлектері білімдерін жоғары оқу орындарында жалғастыра алады.

«Колледжіміз мемлекеттік аттестациядан нәтижелі, ойдағыдай өтуде, мұнда жеке тұлғаның өсуіне, кәсіби таңдау жасауға, біліктілігін жоғарылатуға жан-жақты жағдай жасалған.

Оқу үрдісі инновациялық технологияларды пайдаланып, теорияны тәжірибемен ұштастырып, жеке тұлғаның –шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған.

Мақсатымыз жоспарланған оқу–методикалық және тәрбиелік жұмыстар негізінде дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шаралар, оқу-ғылыми ізденістер, КВН, спорттық үйірмелер, құқықтық кеңес, музыкалық студия және шығармашылық шеберханалар арқылы жүзеге асырылады. Төмендегі: 0201000-құқықтану, 0516000-қаржы, 1305000-ақпараттық жүйелер, 0202000-құқыққорғау қызметі, 0203000-менеджмент мамандығы бойынша білім алғысы келетіндер күндізгі, сырттай бөлімдерде оқи алады.

Күндізгі бөлімге – 20 маусымнан 20 тамызға дейін, сырттай бөлімге – 20 маусымнан 20 қыркүйекке дейін құжаттар қабылданады.

Күндізгі бөлімдегі оқу мерзімі – 9 сынып негізінде 2 жыл 10 ай; 3 жыл 6 ай; 3 жыл 10 ай. 11 сынып негізінде 1 жыл 10 ай; 2 жыл 10 ай, ал сырттай бөлімде 11 сынып негізінде 1 жыл 10 ай.

Кәсіптік-техникалық, не жоғары білімі бар азаматтар оқуға жеделдетілген түрде «Құқықтану» мамандығының сырттай бөліміне 1 жыл оқу мерзімімен қабылданады», – дейді Райхан Бөлекбаева.

Колледждің материалдық жағынан толық қамтамасыз етілгенін мына деректер де айғақтайды: 59600 оқулық қоры бар кітапхана, 150 орынды оқу залы, 200 орынды акт залы, 1 қабатта асхана, интернетке қосылған 4 компьютерлік зал, 2 спорт залы, 2 теннис залы, 2 мәжіліс залы. «Жастар» атты жатақхана колледжден 500 метр қашықтықта орналасқан, толық жабдықталған. Әлеуметтік жағдайы нашар немесе жетім балаларға құрылтайшылардың шешімімен жеңілдіктер беріледі. Ғылыми жоба иегерлері немесе «Алтын белгі», қызыл аттестат иегері оқуға емтихансыз қабылданады. Оқу озаттары Д.А.Қонаев атындағы еуразиялық академияда білімін жалғастыруды қаласа, оқу ақысын төлеу барысында 20%, 10% жеңілдікке ие болады

Колледж директоры Бөлекбаева Райхан Қазақстан Республикасының білім саласындағы құрметті қызметкері, жоғары санатты ұстаз, кәсіптік-техникалық білім жүйесінің басшы-менеджері (17 жыл), модульдік оқытудың әдіскер-зерттеушісі, «НұрОтан» партиясы жоғары мектебінің бітірушісі, шетелдік кәсіптік білім дамуының сертификат иегері (Швейцария), Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жыл мерейлік медалінің, Абылай ханның 300 жылдығына арналған «Алтын медаль», Д.А.Қонаевтың 100 жылдығына, Білім озаты «Қазақстан ұстазы», «Патриоттық тәрбие беру» медальдарының иегері. Ол қазіргі таңда мемлекеттік тілдің құқықтық реттеуі, «Ата–ана мен бала» арасындағы қарым-қатынастар, ұлттық этика, жеткіншектер психологиясы тәрізді мәселелермен айналысуда.

Кандидаттық диссертация аясында 15 ғылыми мақала жазылып, 2 оқулық шығарылды. Ұлы Мадияр мен қызы Жанияны тәрбиелеуде адамгершілік қағидаларына, білімді азамат болуларына баса көңіл бөледі.

Осы бір шағын білім ұясынан өмірге жолдама алып, мамандықтары бойынша халқымызға қызмет етіп жатқандар, сондай-ақ білімін жалғастырып, ғылым қайраткерлеріне айналғандар аз емес. Атақты ғұлама бабамыз Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, бұл қанатты сөзді халық даналығы да қуаттайды: «Тәртіп тәрбие бастауы, Тәртіпсіздік өміріннің қас жауы». Бауыржан Момышұлы да «Тәртіпке бас иген құл болмайды, Тәртіпсіз ел болмайды» деп қоғамдық тәртіпті сақтауға, сыйлауға баса көңіл бөлген. Бабаларымыздың, даналарымыздың өсиетін көңілге тоқып, қоғамдық тәртіптерді, ережелерді бекіткен Ата Заңымыз бен басқа да заңнамалардың қатаң сақталуын қадағалайтын заңгер болғысы келетіндерге Алматы қаласындағы Д.А.Қонаев атындағы колледждің есігі әрқашан ашық.

Гүлбаһрам ЖЕБЕСІН,
Алматы қаласы.

ХАЛЫҚ МҰРАСЫН ҚАСТЕРЛЕЙТІН ОРЫН

Ұлттық тарихи-мәдени мұраларымызды халық арасында күнделікті насихаттайтын орын – музей. Осы бір маңызды да мазмұнды істі жүзеге асырудың жаңа да тиімді жолдарын іздеу мақсатында Ақтөбе облысының ғылыми қызметкерлері мен экскурсия жетекшілері бас қосты.

Музей – адамның біліктілігін арттырып, парасатын толықтырып, жанын оятатын қастерлі орын десек, осы орайда музейлердің ағарту, білім беру, тәрбиелеу жұмысының түрлері мен әдістері де әрқилы. Оның ең кең тараған түрі – музей экспозициялары мен көрмелер бойынша экскурсиялар жүргізу, музейден тыс тарихи – мәдени ескерткіштерге экскурсиялар жүргізу.

Маусым айында облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі Қобда ауданы, Жиренқопа ауылы, «Қобыланды батыр» мемориалдық кешенінде «Музей ісіндегі бұқаралық-экскурсиялық жұмыстарды ұйымдастыру» атты музей қызметкерлерінің облыстық семинар – кеңесін өткізді.

Шараға 3 облыстық және 16 аудандық музейдің ғылыми қызметкерлері мен экскурсия жүргізушілері қатысты.

Семинар жұмысы «Қобыланды» мемориалдық кешенінің директоры А.Қалмағамбетовтың семинар-кеңеске қатысушыларды қарсы алып, Қобыланды батыр кесенесінде Батырға арнап дұға бағыштаудан басталды. Мұнан кейін ол кесене ішінде, «Даңқ» музейі және жалпы кешен бойынша ғылыми-тарихи негізде, әрі археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің нақты деректерін пайдалана отырып экскурсия жүргізді. Музей қызметкерлері кешен туралы көп мағлұмат алды. Кешенде атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Семинар-кеңестің өту барысында облыстық тарихи – өлкетану музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары А.Ержанов «Жазба материалдарын пайдалануда деректерге сыни көзбен қарау» тақырыбында баяндама оқып, экскурсия жүргізуге дайындық барысында ескеретін жағдайларға тоқталды.

Мәртөк аудандық тарихи-өлкетану музейінің кіші ғылыми қызметкері Ұ.Осанова «Музей – тарих. Музей – тағлым. Жастар тәрбиесіндегі музейдің ролі» тақырыбында баяндамасында музейде атқарылып жатқан жұмыстарға шолу жасап, шараға қатысушылармен ой бөлісті.

Шалқар аудандық тарихи–өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі Г.Сейілова «Шалқар тарихын зерделеген музей» тақырыбында баяндама жасады. Ол: «Бүгінгі күннің басты мәселесі музейге демеушілер тарту – музей қызметкерлерінің жұмыс жасаудағы шеберліктеріне тікелей байланысты», – дей келе өзі жинақтаған тәжірибесі бойынша музейге демеушілер тартудың жолдарын айтып берді.

«Қала бойынша экскурсия жүргізу әдістері» тақырыбында сөз алған облыстық тарихи-өлкетану музейінің табиғат және экология ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі М.Буханова қала бойынша экскурсия жүргізудің әдісін баяндады. «Экскурсия жетекшісі портфелімен» таныстырды.

Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың облыстық мемориалдық музейінің аға ғылыми қызметкері С.Тәжбенова мемориалдық музейдегі экскурсия жүргізу жұмыстардың ерекшеліктеріне тоқталды.

Мұнан кейін сөз алған Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсиялық-бұқаралық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі А.Сарыбай экскурсия түрлері, экскурсия жүргізудің әдіс-тәсілдеріне тоқталып, музейдегі түрлі бұқаралық шаралардың ұйымдастырылуы мен эксурсия жүргізушісіне қойылатын талаптар туралы айтып берді. Сонымен қатар үлгі ретінде 2012 жылдың 2-ші наурызынан бастап музейде жұмыс жасап келе жатқан «Шолпы» қыздар клубының мақсаты, міндетімен таныстырып, клуб жоспары, Ережесі, Тұжырымдамасының әдістемесін ұсынды. «Музейдің беделін арттыратын экскурсия жүргізушісі болса, ол өзінің саяси және арнайы білімін толықтырып, жаңалықты меңгеріп, келушілердің сұранысы мен қызығушылығына сай қызмет көрсетіп, өзін ұстауда тәрбиелілік және жоғары мәдениеттілік танытуы, келушілермен сыпайы қарым-қатынаста болуы керек. Сонымен қатар экскурсия өткізу әдісін меңгеріп, өз ісін сүюі керек», - деп сөзін аяқтады.

Семинар жұмысы қорытындыланып, музей қызметкерлеріне Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің сертификаты табыстылды. Қатысушыларға «Музей ісіндегі бұқаралық-экскурсиялық жұмыстарды ұйымдастыру» тақырыбындағы әдістемелік құралдар, «Қобыланды батыр» фотоальбомы, Ақтөбе облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Тіл – ұлттық қазына» қоғамдық қоры бірлесуімен жарық көрген «Ерліктің, еңбектің, достық пен бірліктің жеңісі», Ақтөбе облыстық ішкі саясат басқармасының мемлекеттік-әлеуметтік тапсырысы бойынша жарық көрген «100 нақты қадам – Қазақстан мемлекеттігін нығайтудың жаңа кезеңі» кітаптары сыйға берілді.

Сонымен қатар музей қызметкерлері семинардың екінші бөлімінде Жиренқопадағы Ешкіқырған өзенінің бойындағы Бесоба сармат ескерткіштерінде жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарының куәсі болды. Астанадағы «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, археолог Ақан Оңғарұлы жұмыс барысын айта келе, б.з.б. 6-5 ғғ. жататын қорғанның қазылуы, топографиялық картасының жасалуы туралы қысқаша түсініктеме берді.

Семинарға қатысушылар семинардан үлкен әсер алды, іздеген сұрақтарына жауап алды, жаңалықтармен танысты, ойларын ортаға салып бөлісті. Олар шараны жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан ұйымдастырушылар: әдістеме бөлімінің аға ғылыми қызметкері Н.Сансызбай мен ғылыми қызметкер Г.Успановаға өз ризашылықтарын білдірді.

Алмагүл Сүндетқызы САРЫБАЙ,
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсиялық-бұқаралық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі,

ТАС ДИІРМЕН

«Диірменннің тасындай дөңгеленген дүние-ай» демекші, диірменнің сонау ықылым заманнан ата-бабаларымыз ас-ауқатын жасаған қол диірменнің тарихына тоқталсақ. Дөңгелете отырып қолымызбен қуырылған қызыл бидайды уыстап үстіңгі қуысынан тастасақ , астыңғы қуысынан аппақ бидай ұны төгіліп жататынын көргенбіз. Таласып тартатын диірменнің ауыр тасы шамалыдан соң қолыңның қарын талдыратын. Жүгері, бидай, арпа дақылдарынан шикідей тартқанда ұн болса, қуырып тартқанда сүтке қарып жейтін талқан болатын. Ал, талқанға сүт, май, кепкен жемістер салған әжемнің жентін жегенде қазіргі шокаладттың қажеті болмайтын.

Сарыағаш аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұрған, осы мақалаға нұсқау болған диірмен Сарыағаш ауданы, Құркелес ауылы тұрғыны Үрбибі Төлегенованың анасы Мейірбекова Тұран анамыздың айтуына қарағанда, соғыс жылдарында қолданыста болған. Анасының көзіндей сақтап келген диірменді музейге сыйға тапсырды. «Тас диірмен» САМ БТК 297 нөмірлі жәдігеріміз болып табылады.

Диірменнің өзі тас болса да,
Жұртқа жейтін ас болар...

Диірмен – әр түрлі дақылды дәндерін майдалауға арналған, қол күшімен немесе жануарлар әрекетімен айналдыратын құрал. Қол диірмен дегеніміз – шағын ғана екі таспа тастан тұратын, шетінен ағаш тығындалған айналдыруға қолайлы тас диірмен. Кейіннен су және жел күшін пайдаланатын 19-ғасырдан бастап ұн тарту үшін бу қозғалтқыш күшін пайдалана бастаған. Қазіргі уақытта диірменде жеке процестер мен машиналар сондай-ақ бүкіл кәсіпорын автоматтандырылған. Қатты материалдарды ұнтақтайтын , өнімді ірі бөлшектерге бөлетін ұсақтағыш машиналар жасалған. Технологияның даму ғасырында ұсақтау мен ұлпалап майдалайтын диірмендер пайдаланылады. Химия құрылыс материалдары, тау-кен, тамақ, дәрі-дәрмек жасайтын өнеркәсіп орындарында қолданылады.

«БІЛЕЗІК, САҚИНА – ҚЫЗ КӨРКІ»

Музейдегі жәдігерлерді ғылыми-зерттеу жүргізу тарихын таныту үшін шебер зергерлердің қолынан шыққан әрбір бұйымның қайталанбас түрлерін іздеп тауып қолданыста болған сақталған жәдігерлерді насихаттау.

Сарыағаш аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұрған Түркістан қаласының тұрғыны Сәрсекеева Қадрия анамыздың музейге қонаққа келе отырып сыйға қалдырған өзі тұтынған бұйымдары жайында қысқаша тарихын баяндап берген болатын. Зерленген білезік САМБТК 310, Оюлы ілезік САМБТК 311, 312 . Сақина қызыл тас қойылған САМ БТК № 304, құс тұмсық сақина 305 нөмірлі жәдігеріміз болып табылады.

Білезік – білекке салатын күмістен, алтынан соғылатын қыздарға, аналарымызға арнайы жасалған бұйымды сыңар қолға да , қос қолға да тағады. Бірнеше бөлшектен құралған ашпалы –шаппалы сом темірден тұтас құйылған жұмыр түрлеріне қарай Сом білезік, жұмыр білезік, бес білезікке асыл тас қондырып, қарала жүргізіп, сіркелеп, бұрала ширатып әсемдеген. Жасалуына қарай алтын, білезік, күміс білезік, құйма білезік, сағат білезік, қос білезік деген атауларға ие. Бесбілезік – алтын, күміс, асыл тастардан шынжыр арқылы бес сақинаға бекітілген аса қадірлі қонақтарға берілетін қымбат бұйымды айтады. Білезікті - сиыр мүйізінен жасалады екен, сырты жылтыр түрлі ою-өрнек салынған бұйым болып табылады.

Сақина – саусаққа салатын әр түрлі үлгідегі күмістен, алтыннан, түрлі металдардан қақтап, соғып, шекімелеп, шиыршық темірден торлап, тамаша өрнектермен әшекейлеп жасалған бұйым. Сақина түрлеріне қарай – құдағиға арналған қос бармақ сақина, қыздарға арналған құс тұмсық сақина, отау жүзік, тасбақа жүзік, жеңгелерге арналған асыл тасты көздер қойылған түрлері бар.

Г.И.ШЕГЕБАЕВА
Облыстық тарихи-өлкетану музейі «Сарыағаш» филиалы меңгерушісі

АҚ ЖАЙЫҚТА «ҚЫЗ ЖІБЕК ПЕН ТӨЛЕГЕН» АҚБОЗ АТ МІНДІ

Әйгілі «Қыз Жібек» фильмінде басты кейіпкерлерді сомдаған Қазақстанның халық әртісі Құман Тастанбеков пен Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Меруерт Өтекешева Ақ Жайық өңіріне келіп, жұртшылықпен кездесу өткізді.

Жылы шырайлы жүздесу Меруерт Өтекешеваның туған жері Жәнібек ауданында да ұйымдастырылды. Онда атақты өнер қайраткерлері биыл түсірілгеніне 45 жыл толған «Қыз Жібек» фильмінің шығу тарихы туралы сыр шертті. Кеңес дәуірінде мұндай туындының жарық көруіне кедергілер аз болған жоқ. Қазақ елінің сол кездегі басшысы Дінмұхамед Қонаевтың қолдауымен, мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Омаров, композитор Нұрғиса Тілендиевтей белгілі тұлғалардың ұсынысымен қолға алынған фильмнің ойдағыдай шығуы үшін режиссері Сұлтан Қожықов, суретшісі Гүлфайруз Ысмайыловамен бірге барлық әртістер табанды еңбек етті. М.Өтекешеваның еске алғанындай, сол кезде оныншы сыныпты жаңа ғана бітірген жас актриса Фарида Шәріпова, Ыдырыс Ноғайбаев, Әнуарбек Молдабеков, Асанәлі Әшімов сынды әріптестерінен көп нәрсе үйренді.

Кездесу барысында Құман Тастанбеков Ақ Жайық еліне ризашылығын білдіріп, мәңгілік махаббат айғағындай Мұхтар Шахановтың «Махаббат жыры» мен композитор Серафим Туликовтың «Пришла любовь» әндерін орындап берді.

Аудан әкімі Наурызбай Қарағойшин мәртебелі меймандарға алғысхат табыс етіп, иықтарына шапан жабумен бірге ақбоз ат мінгізді. Шараға қатысқан облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Дәулеткерей Құсайынов аудан тұрғындарының Меруерт Қаратайқызындай жерлесімен орынды мақтанатынын атап өтті.

Айта кетейік, сапар барысында өнер қайраткерлерін облыс әкімі Алтай Көлгінов қабылдап, құрмет көрсетті. Өңір басшысы «Қыз Жібек» фильмінің түсірілу тарихы туралы деректі туынды да керектігін айтып, оны қолдауға дайын екендігін білдірді. Сонымен қатар Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер орталығында өткен кеште Қыз Жібек пен Төлегенге Оралда ескерткіш орнату туралы ұсыныс ортаға салынды. Бұған байланысты Құман Тастанбеков Тараздағы саябақ пен Қызылорда облысы Арал қаласындағы мәдениет үйінің алдында осындай ескерткіштер бар екендігін айтып, жастар жиі баратын мұндай қастерлі орын Жайықта болса, артық етпейтіндігін жеткізді.

«НАРЫННАН ЕЛОРДАҒА ДЕЙІН»

Батыс Қазақстан облысы мәслихатының үлкен залында осы өңірге танымал еңбек ардагері, «Нарын» қоғамдық қозғалысының жетекшісі, Бөкей ордасы, Жәнібек және Жаңақала аудандарының құрметті азаматы Кәкен Көбейсіновтің «Нарыннан елордаға дейін» атты кітабының таныстырылымы болды.

«Жайық Пресс» ЖШС-да дайындалып, Жаңақала ауданы әкімдігінің қолдауымен Алматыдағы республикалық «Арыс» баспасынан жарық көрген жинаққа автордың өз жазбаларымен қатар К.Көбейсінов туралы мақалалар да енгізілген. Балалық шағын Ұлы Отан соғысының жалыны шарпып, қаршадайынан еңбекке араласқан Кәкен Көбейсінов облыс көлемінде түрлі лауазымды қызметтер атқарды. Әсіресе, көп жыл бойы облыстық халықтық бақылау комитеті төрағасының бірінші орынбасары болды. 1990 жылдардан бастап «Нарын» қоғамдық қозғалысына жетекшілік еткен қайраткер Кеңес дәуірі кезінде де деректі әңгіме, естелік, мақалалар жазып, оларын облыстық «Орал өңірі» газетінде, басқа да басылымдарда жариялап тұрды.

Кітаптың таныстырылу рәсімінде Жаңақала ауданының әкімі Лавр Хайретдиновтің атап өткеніндей, қазіргі кезде аталған аудан орталығында жұмыс жасап тұрған «Капустин Яр» және «Азғыр» әскери полигондарында жасалған сынақтан зардап шеккен өңір тұрғындарына арналған ауданаралық сауықтыру орталығы Кәкен Көбейсіновтің қозғау салуымен, Елбасының тікелей ықпал етуімен салынды.

БҚО мәслихатының хатшысы Мәлік Құлшардың айтуынша, Кәкен Көбейсінов 1997-2014 жылдар аралығында 17 жыл бойы облыстық мәслихаттың төрт бірдей шақырылымының депутаты болды. Оның Елбасына дейін барып, мәселе қоюының нәтижесінде 2004 жылы 20 желтоқсанда «Әскери сынақ полигондары әсерінен зардап шеккен Батыс Қазақстан облысының тұрғындарын сауықтыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы» қабылданып, соған сәйкес полигондармен шектесетін аймақтарда (Ақжайықтың Тайпақ бөлігі, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Қазталов, Қаратөбе аудандары) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, бала жастан кемтарларға атаулы көмек төленді. 2005-2007 жылдары облыстық бюджеттен осы мақсатқа 128,7 млн. теңге бөлінді. 2007 жылы 2008-2010 жылдарға арналған аймақтық бағдарлама қабылданып, соған орай барлығы 260 млн. теңге қаралды. Мұндай жәрдем көршілес облыстарда болған жоқ.

Таныстырылымда сондай-ақ Сенат депутаты Рашит Ахметов, ақындар, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ғайсағали Сейтақ, Жаңақала аудандық мәслихатының хатшысы Закария Сисенғали, Жаңақала, Бөкей ордасы, Жәнібек аудандарында басшылық қызмет атқарған Әділғазы Нұрғалиев, Рахман Карин, Асқар Атаев және басқалар сөз алып, «Нарын» қозғалысының жұмыстарын жалғастыру бағытында өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Соның ішінде көршілес Ресей елінің Нарын жерін әскери сынақ алаңы ретінде әлі де пайдаланып отырғаны, мұның табиғат пен қоршаған ортаға әсері бар екені, осыған орай жалға алу ақысының белгілі бір бөлігін сол аудандар (Бөкей ордасы, Жаңақала) мұқтажына жұмсау керектігі айтылды. Сол секілді шалғайдағы Бөкей ордасы мен Жәнібек аудандарының орталығы (Сайқын, Жәнібек) темір жол бойында тұрғанымен, оған ешқандай пойыз тоқтамайды. Қатқыл табанды жол тартылмағандықтан, қатынас қиындаған кезде тұрғындар пойыз мүмкіндігін пайдалана алмайды. Бұл мәселені де мемлекетаралық деңгейде шешуді қолға алса, дұрыс болар еді.

Шара соңында кітап авторы Кәкен Көбейсінов кезінде Елбасы қабылдауында бірнеше рет болып, халықтың атынан мәселе қойып, оларының өз шешімін тапқанын айта келе, осыған орай Президентке Ақ Жайық жұртшылығы атынан алғысын жеткізуді өтінді.

АЙТАМЫН ДЕП АЙТПАЙДЫ...

Қай ауылдың болмасын өз әпенділері бар. Көкейге келіп қалған сөзін қалай айтып қойғандарын өздері де білмей қалады кейде. Бірақ сол сөздер айтқысы келгендіктен емес, кейде айтқыштықтан да шығып жатады. Төменде солардың бірсыпырасын журналист Қадыржан ҚАЗЫМБЕКҰЛЫ қалам ұшына іліктірген екен. Ендеше оқиық, қане!

ШОПЫР ЖҰМСАУ

«Бақсай» кеңшарында туып-өскен Жауынбай Қуатов деген азамат ұзақ жылдар бас инженер болып жұмыс жасады. Кеңшарға Сахуалин Қинаш ағамыздың жаңа келген кезі болса керек. Директор гаражға рациямен: «Тездетіп «Көздіқараға» шөп тасуға екі машина жібер»-деген шұғыл тапсырма береді. Бас инженердің жіберейін десе дайын машинасы біреу ғана екен.

Жауынбай, жібердің бе әлгі машиналарды, кімдерді жібердің?-деген директордың даусы әлденеден соң тағы естіледі.

Жауекең сассын ба:

Жібердім, Қинеке, алдымен Есенжанды, сосын Шадуовты жібердім, - деген екен.

Жаңа келген директор айтып отырған бір шофердің тегі мен аты екендігін қайдан білсін!

ДИРЕКТОРДЫ ҚАЙТАРУ

Кеңшардың №2 фермасында Жексен Бәженов деген шопан болды. Жасы егделеу болған соң ба, әйтеуір оған бір отар қарт саулық бағу жүктелсе керек. Қыс түсер алдында малшыларды аралап келе жатқан Қинаш Сахуалин шопанның отарын көріп:

Апырмай, малдарыңыз тіптен арық қой, төл алудың жағдайы қалай болады?- деп сұрайды.

Осы кезде бір жағынан жаңа директорды көргісі келді ме, әлде көп балалы екендігін айтып, бірдеңе сұрап қалғысы келді ме, Жексеннің әйелі Тойған:

Апырмай, директор балам-ау, бес туған қойды қараңыз да, он бала туған мені қарасаңызшы?! – деген екен. Қинекең де мына сөзден кейін көп кідірмегенге ұқсайды.

ҰШЫҚ

Ауылдық мәдениет үйінде Ислаудың Күләші еден жуатын. Онымен бірге Ғалымжан, Қуандық дейтін жігіттер де бірге жұмыстас.Екі жігітке де және онымен қоймай Күләшқа да ұшық шығыпты. Дәл сондай ұшықтың Ислауға шығып келе жатқанын көрген Қалхаман:

Исеке, ерініізге жара шығып келе жатыр ма? – демей ме.

Сол кезде Исекең қасында тұрған Ғалымжан мен Қуандыққа қарата:

Шықса несі бар дейсің. Әйеліміз культурада жасайды ғой,-депті.

«КӨК КҮШІК КӨРДІҢДЕР МЕ?»

Кеңшарда аға шопан болып жұмыс жасаған Бисенбай деген ағамыздың Қалығыз есімді зайыбы болды. Сол жеңгеміз айтайын деп айтпайды, айтқанына күлмей қалмайсың. Бисекең жазғы жайлау кезінде көршілес шопандардың бірінікіне кетіп, екі-үш күн үйге оралмапты. Содан ферма басқарушысы бар, зоотехнигі бар бір топ Бисекең ауылына түседі. «Жеңгей, Бисекең ауылда ма?» – дейді әлгілер. Сонда Қалығыз жеңгеміз:

Екі-үш күннен бері ауылда жоқ.Сендер де кездестірмедіңдер ме? Түбі келер, бірақ үйдегі кішкентай көк күшік еріп кетіп еді, байғұстың бабы табылмай жүр-ау,-деп шынымен нали сөйлепті.

САБЫРҒА ШАҚЫРУ

Бисекеңнің орталыққа кетсе болды, үш-төрт күнсіз ауыл көрмейтін әдеті бар. Мұндайда шеше байғұста маза бола ма. Шәй үстінде енесі Қалығыз келініне:

– Апырмай Бисенбай әлі жоқ. Бір жерде өліп қалмаса жарар еді,-дей беріпті.

Ондайда сасатын Қалекең бе:

Ой,шеше-ай,қайдағыны айтасыз. Өлсе кім үйіне төрт күн бойы шірітіп ұстап отырады дейсің. Келеді-дағы. Онан да шәйімізді ішейік,- депті жайбарақат.

КӨЛЕГЕЙЛЕП ӨТКІЗУ

Идеят Есқалиев кеңшар партия комитетінің хатшысы болып қызмет істеп жүргенінде бір трактор айдайтын қызды партия қатарына қабылдау қажет болады. Партия қатарына өтушілер алдымен парткомиссия алдынан өтетін тәртіп бар. Ол комиссияға қызды апар деп қоғамдық негіздегі орынбасары, комсомол комитетінің хатшысы Қамбар Мұқановты жібереді. Аз күннен соң қызды аупарткомның бюросына партком хатшысының өзі апарып келеді. Ауданнан бюродан келді деген хабардың өзі ол кезде біртүрлі естілетін. Бірақ жұмысшы кадрларына көп сұрақ қойылмайды, партия қатарына оңай ілігетін. Осыны біле тұра Қамбар ертесіне Идекеңнен: «Қалай, Идеке, қызымыз өтті ме?» - депті сұраулы. Өйткені бюрода партия қатарына өтушіні ең алдымен партком таныстырады.

Сонда Идеят столында шалқайыңқырап жіберіп:

–Қарағым Қамбаржан-ау, несін айтасың. Ауданға алдыңғы күні барғанбыз.Тракторшы қызымыз бір үйге қонамын деп кеткен. Ертесіне бюроға келіп тұр. Он саусағынан қан тамып тұр, тамақ бауыздалып қалған, бел шынжырлаулы, ерін қасқыр талаған қойдай, көз көкала. Әйтеуір бетін деломен көлегейлеп тұрып өткіздім-ау,-депті.

Сондағысы қыздың тырнақтары мен бет-ауызын шамадан тыс бояғанын, беліне шынжыр белбеу таққанын, түнде біреудің үйіне қонғанда тамақ жаққа да бірдеңе болғанын ерсілеу көріп айтқаны болса керек.

ЭНГЕЛЬСТІ ТАНЫМАУ

Кеңшар партия комитетінің хатшысы көмекші шопан болып жұмыс жасайтын Бексұлу Әбдешова деген қызды партия қатарына өткізу үшін аупартком бюросына апарыпты. Партия Жарғысын көп біле бермес, жай сұрақпен шектелейік деді ме екен әйтеуір бірінші хатшы Бексұлуға төрде ілулі тұрған Фридрих Энгельстің портретін көрсетіп, «мына суреттегі кім екенін айта аласың ба?» - дейді.

Олай қарап, бұлай қарап есіне түсіре алмаған соң Бексұлу:

Кісі-дағы,-дей салыпты.

МАХАМБЕТТІҢ КІТАБЫН ЖОҚТАУ

Таңдай ауылында тұратын Мұрат Ещанов дейтін азамат кезінде ауылдағы Кеңес төрағасы қызметін атқарды. Ол да айтамын деп айтпайтынның өзі. 1988 жылы Новобогат ауданы, Махамбет ауданына қосылып, Таңдай ауылы да жаңа ауданға қарайтын болды. Аупарткомның бірінші хатшысы Қуаныш Сиранов Таңдай ауылына барған сапарында кітап дүкеніне кіреді. Аралап жүріп: «Дүкендеріңізде Махамбеттің кітабы көрінбейді ғой»,-дейді сатушыға.

Осы кезде Мұрекең араға түсіп:

-Қуеке, күні кеше ғана Махамбеттің «Ереулі атқа ер салмай» деген қызыл кітабы тұр еді, сатылып кеткен ғой. Тіпті соңғы кездері біздің ауылдың адамдары махамбетшіл болып кетті,- депті.

Дүкенде Махамбеттің кітабы болды ма, болмады ма, әйтеуір сөзден құтылудың амалы, екіншіден Махамбетке қосылып жақсы болдық дегенді білдіру болғанға ұқсайды Мұрекеңдікі.

ТАБАННЫҢ ҚЫЗУЫ

Мұрекеңнің интернат меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген кезі. Күздің қарасуығы түсе бастаған шақта интернатты қарамақшы болып ауданнан санэпидстансаның дәрігерлері келеді. Кісілер кіре бергенде 1-2 сынып оқитын шамадағы төрт-бес бала коридордың ортасындағы кілемшені де баспай,оның жанындағы тақтай еденде бәрі де жалаңаяқ жүгіріп келе жатады.Олардікі үлкендерге жол бергісі келгені еді. Бірақ балалардың жалаңаяқ жүрістеріне дәрігерлер бір нәрсе айтып қалар дегендей жұлып алғандай етіп:

-Балалардың ішке киетін аяқ киімдері жоқ емес, бар. Бірақ байқаймын, осылардың табандары қыза ма әйтеуір анда-санда осылай жүгіріп-жүгіріп алады,- депті саспастан.

БАЙПАСТЫ БАЙПАҚ ДЕП

Қысқы маусымның басталуына орай аудандық газ бөлімшесінің басшысы Владимир Розинов интернат қазандығын ертерек қосу үшін тексеруге келеді. Газ

тұрбаларын қарап жүріп: «Мұреке, мына жерде байпас болуы керек»,-дейді. Байпас деген газ саласындағы қолданылатын сөз, газ жіберетін тұрба атауы. Бұл тосын сөзді құлағы шалыс естіді ме әйтеуір біздің Мұрекең: «Е, от жағушылар үшін байпақ та керек болады екен ғой» деп ойлайды да жалмажан:

-Ой, Володка, біз қыс түседі деп қайсыбірін дайындамай жатырмыз,екі от жағушыға да жап-жаңа байпақ алдыртып қойдық,-депті.

Мұны естіген В.Розинов: «Құрысыншы, жаға берсін»,-депті қасындағыларға амалсыздан.

ЕСКІРМЕЙТІН НӘРСЕ ЖОҚ

Кезекті бір жиналыста мектеп директоры интернат жайында айта келіп: «Интернатта мүліктердің күтімі нашар, көбі сынып жатыр» деген реніш білдіреді. Жиналғандар жағы директордың аузынан мұның алдында да қатаң сөз естігендік пе, тып-тыныш. Сол кезде интернат меңгерушісі Мұрекең дауысын зорайтыңқырап:

–Директор жолдас, сіздің айтуыңыздың бәрі де орынды, теріс дей алмаймыз. Ескірмейтін нәрсе жоқ қой, көбінің тозығы жеткен. Ескендір Хасанғалиев ағамыз айтқандай, «Бұл дүниеде тек ескірмейтін махаббат қана көрінеді. Басқа дүниенің бәрі де ескіреді ғой»,- дегенде манадан бері тыныш отырғандар да, директор да рахаттанып бір күліп алғанға ұқсайды.

СЫНДЫ СИПАП АЙТУ

Ауыл әкімінің есеп беру жиналысында Мұрекеңе сөз беріледі. Жиынға аудан әкімі де қатысып отырған. Жайықтан бастау алатын Боқсақ өзегінің қыста лас болатыны да шындық. Таңдай ауылында таза су тағы жоқ. Ауыл адамдарының қысы-жазы пайдаланатыны тек осы су ғана. Ауылға таза судың келмегенін, Боқсақтың суының ластығын жеткізу үшін Мұрекең:

- Ауыл тұсынан Боқсақ деген өзек өтіп жатыр. Су жоқ емес,бар, өкпеміз жоқ. Оны мал да ішіп жатыр,адам да ішіп жатыр,-деген екен сипалаңқыратып.

«ТӨҢКЕРІС»

Құдай бастарыңызға салмасын, қаскөйлік сіздерге бармасын, кеше менің отбасымда төңкеріс болды! Отбасылық төңкеріс! 15 жыл осы отбасының президенті едім, он бес жыл бойы әйелім Әсемгүл отбасылық саясаттағы серігім болып келіп еді, Премьер-министр лауазымын беріп едім! Қайдағы бір миллионер полковниктің әскеріне төтеп бере алмай, махаббат майданында жеңіліс тапты!

Кеше мен жұмыс іздеп, көшеде жүрген болатынмын. Сыртқы істер министрі енемнен ұялы телефоныма хабарлама келді: «Үйге келме! Отбасылық төңкеріс орын алды. Сені тұтқындауы мүмкін!».

Дереу ішкі істер министрі, үйімде жүріп оқитын студент балдызыммен хабарластым:

–Төңкерісі несі? Кімдер төңкеріліп қалды? –деп сұрадым.

–Жезде, әпкеме оқушы кезінен ғашық бір полковник 100 шақты

әскерімен сіздің «резиденцияңызды» қоршап алып, түнге қарай шабуыл жасады.

–Халқым аман ба? Халқым?

–Он балаңыз аман, араларында жараланғандары бар.

–Премьер-министрдің жағдайы қалай? Әпкеңнің?

–Алғаш қатты қарсылық көрсеткен. Қазір төсек тұтқынында…

–Мен төңкерісшілердің сазайын беремін! Алла бізге бұны сыйға жіберді! Сатқындардың кім екенін біліп алдық! Мен халқыммен біргемін! –дедім мен дегбірленіп.

–Жұрт сізді популист президент деп жатыр.

–Тағы не дейді?

–Демократияны таптады, отбасын жемқорлық жайлады, халқын асырай алмай отыр дейді.

–Менің халқыма басқа президент әке бола алмайды!

Ашуым айғыр мінді. Дәл қазір танк жалдап, жетіп барғым келді. Бірақ мен жалғызбын! Не істесем екен? Дереу досымның үйіне барып, скайп арқылы ұлыма, Отбасылық қауіпсіздік комитетінің (ОҚК) бастығы – генерал-майор Батырханға хабарластым.

–Әй, ынжық, сен не істеп отырсың?

–Жаңа президент маған «Джип» сыйлады…

–«Джипте» басың қалсын! Кім төңкерісті ұйымдастырып жүрген?

–Сыртқы істер министрі…

–Бәсе, өзім де солай ойлап едім! Мен байғұс қайтсем халқымды асыраймын деп жұмыс іздеп жүрсем… Дереу халықты ұйымдастып, төңкерісшіні тырқыратып қуып шығыңдар! Немене, Түркиядағы мемлекеттік төңкерісті еске түсіріп отырмысыңдар? Халық қарсы тұрып, төңкерісшілердің өзін төңкеріп тастады ғой? Президент боламын дейтіндей, анау полковник сыра зауытының «королі» ме екен?

Айтқаным айдай келді! Халқымнан айналайын! Полковникті көк есекке теріс мінгізіп, әскерімен қоса қуып шықты! Халықтан күшті, халықтан қуатты кім бар? Жаса, халқым менің!

Мұхтар ШЕРІМ

АЛПЫСҚА КЕЛГЕНДЕРГЕ

Біреуге шұғылалы мақтан алпыс,
Жұп-жұмсақ жылы мінез
мақпал алпыс.
Бүгінгінің бөлектеу бұл алпысы,
Екінің бірі келіп жатқан алпыс.

Тарқамайтын секілді
базар мынау,
Оңай емес әрине базарға ұнау.
Кешегінің салпыетек
алпысы емес,
Бүгінгінің алпысы ажарлылау.

Демейсің сиқыр сөзге іркілейін,
Түртеді көкейінді бр дүлейін.
Сол алпыс олай-бұлай
кес-кестейді,
Түбітін тастап
шыққан түлкідейін.

Шығады шаршы топта арайланып,
Алпыс деген атауы бұлай қалып.
Бүгінгінің алпысын іздесеңіз,
Аққыраудан танисың самайдағы.

Думан десе қайтадан
отың қызып,
Жасамыстар жасыңды отыр тізіп.
Бүгінгінің алпысы билегенде,
Отызыңды кетеді отырғызып.

Қиын емес талтүсте адасуың.
Дейді біреу:
«Көздердің қарасуын».
Құлын мүсін кешегі болмаса да,
Бөкселерге түседі қарашығың.

Қалғың келмей
кетеді сауықтардан,
Оп-оңай-ақ табасың бағытты
алдан.
Бүгінгінің алпысы аласұрып,
Абайсызда аңдамай келіп қалған.

Қызығасың баладай жарысқанға,
Жарысу жоқ қойғанмен
намысты алға.
Сілтей түсіп
тоқтайсың амалсыздан,
Достарыңмен кейуақ
қауышқанда.

Басыбайлы болғансың
жар дегенге,
Қайнағысы келсе де қан денеңде.
«Аға» деген дауысқа
жалт қарайсың,
Шамырқанып қаласың
«шал» дегенге.

Ойлайсың-ау алпыстың жоқтай
түгі,
Көбейеді жаққаннан
жақпайтының.
Алпысты айтқанменен
азаймайды,
Ештеңесі жоқтай-ау мақтайтұғын.

Келмейді аңсағанмен алыстағың.
Саған жақын таныс үй,
таныс бағың.
Күтесің тағдырыңнан мынау
алпыс,
Жетектеп жетпісіңе табыстарын.

Қадыржан ҚАЗЫМБЕКҰЛЫ.

Әдебиет – ардың ісі
Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ
Ғибрат
№30 (292) 29 шілде 2016 жыл

Соңы, басы 1-бетте

ҚАСІРЕТІ ҚАСИЕТТІ ҚАРҚАРАДА ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ ЖАСАЛДЫ

Жанболат Әкебайұлы бастаған азаматтар – Жетісудың ғана емес, бүкіл қазақтың қамқоршылары. Сіздердің бұл бастамаларыңыз жастарға үлгі-өнеге! Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мақсат еткен. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді.

Елбасы: «Отанымыздың бақыты болашағы тек бірлікте», – деген. Ендеше осы бірлігіміздің айырмасын. Осыдан 100 жыл бұрын болған Ереуіл төбедегі оқиғаны ұмытпай, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуын паш ететін бұл ескерткіш баршамыздың тәу ететін киелі орынға айналады деп сенемін.

Ескерткіштер – елдігіміздің белгісі, тарихымыздың айғағы. Ендеше, бүгінгі «Тарихқа тағзым» күні – бірлік пен татулық символы болған еңселі ескерткіш орнатылған мереке тағы да құтты болсын, – деп сөзін аяқтады Бақтияр Әлтайұлы.

Ескерткіштің ашылу лентасын қию құрметіне өнердің марғасқалары – Кеңес Одағы мен Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, тірісінде аңызға айналған тұғырлы тұлға Асанәлі ӘШІМОВ, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор, Кеген ауылының төл перзенті Есмұхан ОБАЕВ және спорт саңлағы, грекрим күресінен олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров ағаларымызға бұйырды.

«Ереуілтөбе» ескерткішіне гүл шоқтарын қойған көпшілік батыр бабалар рухына Құран бағыштаған соң, Қазақстанның және Қырғызстанның халық әртісі , сазгер-әнші Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ Жетісуға арналған жаңа әнімен шашу шашты. Ал Ақтөбеден арнайы келген белгілі ақын, «Ақтөбе» облыстық газетінің редакторы Бауыржан Бабажанұлы «Шындық туралы бір өлең» атты Тәуелсіздікке арнауын оқып берді. Игілікті істің басы-қасында жүрген Райымбек ауданының әкімі Жанат Жолдасбекұлы ТӘЖИЕВ бүгінгі шараның тарихи маңызына тоқталып, көпшілікке ризашылығын білдірді.

Көкжиегі көк бұлттармен астасқан Қарқара жайлауы күмбірлеген күйге, шалқыған әнге көмкеріліп кетті. **Мәдени-көпшілік шараны Алматы облысы әкімінің орынбасары Б.ӨНЕРБАЕВ шабыттана әрі тебірене тұрып құттықтау сөзбен ашты.**

–Құрметті қауым! Қадірлі қонақтар! Бүгінгі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тарихқа – тағзым» атты аса маңызды мәдени-көпшілік шараның басталуымен құттықтаймын! Алаштың ақиық ақыны, қара өлеңнің жампозы Мұқағали еліне қош келдіңіздер! Біздің қол жеткен табысымыздың бәрі – тәуелсіздігіміздің және мемлекеттің жаңа саяси бағытының арқасы. Биыл ғасырлар бойғы арман болған Ел тәуелсіздігіне 25 жыл. Тәуелсіздік – бабалар қанымен суарылып, асыл арманмен қанаттанған ең қасиетті ұғым. Тәуелсіздігіміздің қайнар көзі қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр. Тәуелсіздіктің мерейлі тойымен бірге биыл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы да аталып өтуде. Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуілсіз ел болу мәртебесін көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. «Бақ бағалағанның басында тұрады» дейді дана халқымыз. Тәуелсіздігімізді тұғырлы, мемлекетімізді ғұмырлы ету – біздің ортақ парызымыз.

Қазақстан Республикасынның Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ: «Біз тойларды тарихтан тағылым алу, ұлылықтан ұлағат алу үшін өткізуіміз керек»,- деген еді. Тарихты өткеннің шер мен шежіресі, алдағы күндер мен болашақтың сабағы десек, қазақ халқы бүгінгі тәуелсіздік пен азаттыққа жету үшін Ұлы Дала төсінде талай-талай ұрыстар салып, елге өнеге, ұрпаққа ұран болар тамаша ерліктер жасады. Елі мен жері үшін өз өмірлерін арпалыста өткізіп, сол жолда жанын қиған ерлердің ерлігін туған халқы ешқашан да ұмытпақ емес. Өйткені, біз республикамызды «Мәңгілік ел» етуді мұрат еткен халықпыз. Дәл осы шақта батыр бабаларымыздың ерліктерін рухы мықты, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеуде үлгі етуіміз керек. Биыл еліміз үшін тарихи тағылымды жыл. Ұлытау төрінде айтқан сөзінде Елбасы: «Біздің ең жоғары бағалайтынымыз – Тәуелсіздік. Ата-бабаның қанымен, терімен келген Тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз. Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек», - деген еді. Алматы облысында жыл сайын айтулы мерейтойлар толассыз атқарылып келеді. Облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы БАТАЛОВТЫҢ қолдауымен биылғы жыл Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 1916 жылғы оқиғаның 100 жылдығымен сабақтас «Тарихқа тағзым» тақырыбымен ерекшеленіп отыр. Осыған орай, барша Жетісу жұртшылығы атынан, Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлының ыстық ықыласы мен ризашылығын білдіргім келеді. Өз өкімімен арнайы ұйымдастыру алқасын құрып, шараға қомақты қаржы бөліп, Ереуіл бастауыш мектебі ғимаратына және Кеген мәдениет үйі ғимаратына жөндеулер жүргізіліп, атшабар алаңына спорттық мұнара орнатылды. Ереуіл ауылының ауыз су жүйесі, ескерткіш, орталық көшелер ағымдағы жөндеуден өткізілді. Осының бәрі ел игілігі үшін жасалды. Сонымен қатар, мәдени-рухани құндылықтарды, ұлттық патриотизмді шыңдауға бағытталған бұл тарихи кезеңге арналған шаралардың шымылдығы 15 шілде күні Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында облыстық көркемсөз оқу шеберлерінің байқауымен ашылды. Мұнан кейін Талдықорған қаласында облыстық қылқалам шеберлерінің байқау көрмесі, республикалық

жыршылар байқауы ұйымдастырылып, өткізілді. Бүгінгі «Тарихқа тағзым» мәдени-көпшілік шарасы барлық өткізілген және алдағы атқарылатын шаралардың ұшар биігі десе болады. Ұлт-азаттық көтерілістің тарихтағы орны мен маңызын айқындауда бүгінгі өткізіліп отырған шараның рөлі зор деп есептейміз. Өкінішке қарай, бүгінгі жас ұрпақ 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихын, оның ұйымдастырушылары мен батырларын толық біле бермейді. Ол үшін әлі де игі шаралар жасалатынына сенеміз. Осыған орай, қыркүйек айында Алматы қаласында өтетін конференцияда ғалымдарымыз ғылыми бағытта сөз қозғап, тарихи зерттеулерін ортаға салады, ғибратты ой, терең пікір-пайымдар айтады деп ойлаймын. Қазақстан бірлік пен татулықтың арқасында әлем мойындаған мемлекет атанды. Сондықтан да біздің елімізде қоғамдық келісім ерекше құрметтеледі. Біз – ғұмыры берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елміз. Біз үшін ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік – біздің қасиетті туымыз болып қала бермек. Бүгінгі айтулы жиынымыз да ел ынтымағының артып, рухының асқақтауына, Тәуелсіздік байрағының биікке желбіреуіне ерекше дем бермек! Елбасы: «Біздің бабаларымыз тірі болуы үшін бір болған, біз ірі болу үшін бір болуымыз керек», - деген. Бар игілігіміздің бастауы болған, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы құтты болсын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз баянды болсын! – деді өңір басшысы.

Халық рухының мызғымастығын мойындатқан тарихи мереке осымен үшінші рет, шын мәнінде халықтық сипатта тойланып жатыр. Тарихи деректер бойынша, Қарқара көтерілісінің он жылдығы 1926 жылы тамыз айында Қазақстан өлкелік партия ко-митетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне басшылық жасаған Ораз Жандосовтың басшылығымен атап өтілген. Сол кездегі ел астанасы – Қызылорда қаласынан атақты Қаллеки, Қалибек Қуа-нышбаев пен әнші Әміре Қашаубаев бастаған, құрамында Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Иса Байзақов сынды таланттар бар бір топ өнер саңлақтары Ораз ЖАНДОСОВПЕН ілесе келіп, жәрмеңкеге жиналған халық алдында өнер көрсетіпті. Осыдан аз кейін мұнда Мұхтар Әуезов

пен Ілияс Жансүгіров те болып, 1916 жылғы көтеріліс қаһармандарымен кездескен. Сонда қазақтың жезтаң¬дай әншісі Әміре Қашаубаев кең жайлауды жаңғыртып ән шырқапты. Ораз Қиқымұлы кейін «Ереуілтөбе» атанып кеткен жерге ескерткіш орнатпақ болып, тас үйіп, белгі қалдыруға қоғам қайраткері Ыдырыс Көшкінов, т.б. азаматтармен бірге қолдау көрсетіп, ат салысты. Сол күні көтерілістің туы тігілген Айттөбе сонда Ереуілтөбе атанады.

Содан кейін көтерілістің 80 жылдығы 1986 жылы атап өтілді. Он жыл өткен соң белгілі қоғам қайраткері, сол кездегі Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов Ереуілтөбе басындағы ескерткішті жаңалап тұрғызып, Қарқара қасіретін кейінгі буын ұрпақтың кең көлемде еске алуына жағдай туғызды. Бұл бағытта ел ағалары: Құсайын Бижанов, Шінәй Шорманов, Қазтай Ұлтарақов, Заманбек Батталханов, аймақ басшылары: Сәдуақас Серкебаев, Ызғарбек Бектұрсынов, Босатқан Ұлдарбековтің өнегелі істері көпшілік жадында.

Ереуілтөбе – ұрпақтар тағдыры тоғысқан өңір. Осындағы езілген халықтың орыс империясының отаршылдық саясатына деген ызакегінің ақтарылған жері. Ескерткіш – тарихи мұра, ел бірлігінің,

тұтастығының, бейбіт өмірдің символы. Ол қазақ халқының атамекені үшін намыс күшімен патша өкіметіне қарсы тұрған жанқиярлық ерлігінің көрінісі. Қарқара көтерілісі – бүгінгі тәуелсіздігіміздің тұнық бастауы, азаттығымыздың аңсаған туы. Сол байрақты туымыз әлем көгінде желбірей берсін.

...Албан руының құт-берекелі жайлауы, кешегі бабаларымыздың азаттық жолындағы қаны тамған жер – Қарқара жазығында тұрмыз. Аспантаудың «басы – қыс, етегі – жаз» осы атырабы туралы айтқанда бірден ғұлама ғалым, жиһанкез-саяхатшы Шоқан Уәлиханов ойға оралады. Кезінде мұнда бір емес, бірнеше рет болған ұлы ғалымның осында өшпес рухы мен өлмес белгілері жатыр. Ежелгі Қарқара елінің тұрмыс-тіршілігі, сұлу табиғаты Шоқан жазған еңбектер мен салған суреттерде жақсы бейнеленген. Саяхатшы-ғалым осында өзен мен бастау-бұлақтардың молдығын, жайылымдық жерлердің шұрайлылығын, аң мен құстың жыртылып-айырылатынын сүйсіне суреттейді. Қарқара өңірі ежелден-ақ төрт түлік малға толы. «Аясы аз ғана Қарқара жазығы иін тірескен малдан бет-жүзін көрсетпейді. Қаптап басқан тұяқтан қабырғасы қайысып тұншыққандай», – деп жазады осы өңірді 1927 жылы көзімен көрген заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов өзінің «Қилы заман» повесінде. Тоғыз жолдың торабы болған сұлу өлкеге Ресейдің Еділ мен Ертіс бойындағы қалаларынан, Орта Азиядағы Хиуа, Бұхара, Самарқанд, Ташкент, Құлжа, Қашқариядан келген саудагерлердің таңғалмағаны жоқ шығар.

Бүгін де шөбі шүйгін Қарқара қуат-күшін жоймай, құлпырып, өткеннен сыр шертіп тұр. Тау етегіндегі мидай жазықта тақиядай дөңгелек обалар, төбелер көп-ақ. Ел аузында олар туралы әртүрлі әңгімелер мен аңыздар да молшылық. Жаугершілік заманда қазақтар жауына қарсы шабар алдында әр әскерге бірден тас алғызып, үйгізіп, сол тас үйіктің көлеміне қарай қолының санын білген. Жорықтан оралғанда соның қатарына қайта тас үйгізіп, шығынын анықтап, өлгендерге бағыштап құран оқыған деседі. Бүгінде олардың үстіне шөп шығып, шым басып кеткен. Қарқарада болғандар осы төбелерге бір шықпай кетпейді. Бабалар рухына тәу етіп, төбенің біріне біз де шықтық. Обалардың үстінен атақты жайлау тым әсем болып көрінеді. Батыр бабаларымыздың жиналып бас қосқан жері сол төбелердің біреуі екені белгілі. Бірақ, оның дәл қайсысы екенін енді ешкім дәл тауып бере алмас. Қасиетті Қарқарада бүгін ата-баба арманы қанат жайып, ақ желкендей ақшаңқан үйлер тігілген. Ат тұяғын дүбірлеткен аламан бәйге «Қарқара» атшабарын делебе қоздырған қиқуға бөлеген. Ұлттық ат спорты түрлерінен өткен ашық облыстық жарыс жүлдесі де қомақты, бірнеше темір тұлпар иесін күтіп тұр.

35 сәйгүлік қатысқан алғашқы 16 шақырымдық топ бәйгеде мәре сызығын шашасына шаң жұқтырмай бірінші кескен Жамбыл облысы, Қордай ауданынан келген Шынтасов Есболдың жирені болды.

Құнан бәйгеде Алакөл ауданы, Үшарал ауылының тұрғыны Байбатыр Сатыбалдиновтың екі жасар жирені бірінші боп келді. Ал Көксу ауданы, Балпық би ауылынан келген Мұрат Күлтеновтың торысы екінші, Райымбек ауданы, Саты ауылының бапкері Ғани Айтжановтың торысы үшінші боп келіп, жүлдегер атанды.

25 шақырымдық аламан бәйгеде Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қарасу ауылының тұрғыны Өсербаев Мұраттың торысы жүлдыздай ағып келіп, иесінің бағын жандырды. Сонау Маңғыстау облысы, Ақтау қаласынан ат арылтып жеткен Есенғали Сүйіндіковтің «Каспий» торысы екінші жүлдені қанжығасына байлады.

43 шақырымдық Ұлы аламан бәйгеде құнан бәйгеде көзге түскен үшаралдық Байбатыр Сатыбалдиновтың Керісі оқ бойы озық келді. Жамбыл ауданы, Аққайнар ауылының тұрғыны Дәурен Серіковтың Алмас атты тор қасқасы екінші боп мәре сызығын кесті. Ал Қарасаз ауылының бапкері Нұрболат Сүлейменовке алты жасар торысы үшінші жүлдені алып берді.

Қасиетті Қарқара жайлауында қаздай тізілген ақ үйлерін құрып, Жетісу жерінің берекелі тайқазанын қайнатқан әр аудан мәртебелі қонақтарға мерекелі ақ дастарханын ұсынды. Панфилов ауданының әкімі Бердәулет Ешенұлы Абдулдаев пен әкім орынбасары Роза Азаматқызы Магрупова журналистерге ерекше ілтипатын танытып, белгілі қоғам қайраткері Сейдәлім Тәнекеевтің «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» кітабын сыйға тартты.

Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Директор-
Болат БАТЫР
Bolatbatyr@mail.ru

Бас редактор
Арман МАҚСҰТОВ

Бөлім редакторлары:
Мәдениет және өнер – Гүлжанат ШОНАБАЙ
Әдебиет (проза) – Кайрат ДҮЙСЕНОВ
Әдеби сын – Кенжеғали ҚОШЫМ-НОҒАЙ (Қошымов)
Дін – Агабек СЫДЫКОВ
Ғылым – Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ
Сатира – Мухтар ШЕРИМОВ

Меншікті тілшілер:
Қажет АНДАС (Алматы облысы)
Темірбек Мұхтаров (Атырау облысы)
Байқал БАЙӘДІЛОВ (Ақмола облысы)
Алтай АЙЫП (Қызылорда облысы)
Нұржан СЕРІКХАНҰЛЫ (Жамбыл облысы)
Ақмарал Әбдіқалық (Ақтөбе облысы)

Аймақтағы өкілдер:
Аққали АХМЕТ (Атырау облысы)
Әбілсейіт МҰХТАР (БҚО)
Өркен ИСМАИЛ (Қызылорда облысы)
Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН (Ақтөбе облысы)
Айтуар ӨТЕГЕНОВ (Маңғыстау облысы)

Жауапты хатшы – **Манас ҚАЙЫРТАЙҰЛЫ**
Корректор – **Шолпан СЕРІККЫЗЫ**
Беттеуші дизайнер – **Марат БАЙМАҒАНБЕТОВ**

- Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен 7 шілде 2016 жылы тіркеуден өтіп, №16061-Г куәлігі берілді.
- ***(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414-Г,10.10.2009 ж.)***
- «Үш қоңыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоңыр» редакциясының компьютер орталығында жасалып, «Дәуір» ЖШС баспаханасында (Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй) басылды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Суреттердің сапасына редакция жауап береді.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Үш қоңыр» газетінің жазылу индексі: 64311
- Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.

Мекен-жайымыз:
040900, Алматы облысы, Қаскелең қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі
Редакция телефондары:
8(727)972-75-55,
+7 701 981 81 22
Тапсырыс 292
Таралымы 14000 дана

e-mail:
ushkonyr_gazeti
@mail.ru